

Біз әлемдік мәдени
құндылықтармен үндес
жаңа заманғы қазақтың
озық мәдениетін
қалыптастыруымыз
керек.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

6

2021 жылғы 16 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен

642 592

II компонентпен

371 201

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ –2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӘРКІМ
МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА



КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

ЖЕТІСУДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Қала әкімі Жетісу ауданының әлеуметтік
инфрақұрылымының дамуын тексерді



Жұмыс сапары кезінде Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Жетісу ауданында тұрғын үйді жаңарту бағдарламасын іске асырудың, абаттандырудың және әлеуметтік нысандарды салудың барысымен танысты.

«Жұмысшылар поселкесі» елдімекенінде Райымбек даңғылы–Қрылов–Қазақов–Боткин–Гончаров–Скрябин

көшелерінің қиылысында реновациялау бағдарламасы бойынша үйлер салынууда. 2020 жылы бұзылған 6 үйдің орнына жалпы алаңы 16 мың шаршы метр болатын 304 пәтерлі 4 үйдің құрылысы басталды. Ағымдағы жылы тозығы жеткен екі үй сүріліп, жалпы алаңы 12,5 мың шаршы метр болатын 183 пәтерлік үш үйдің құрылысы басталды.

2

БАСТЫ МІНДЕТ – ІНДЕТТІҢ ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров Құрбан айт кезінде инфекцияның алдын алу және карантиндік шектеулердің сақталуына бақылауды күшейту жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырды



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қаланың мемлекеттік Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин және қаланың бас имамы Төлеби Оспанмен бірге карантиндік жағдайларда Құрбан айт мейрамын мерекелеу бойынша онлайн-кеңес өткізді.

Ержан Бабақұмаров қазіргі күрделі эпидемиологиялық жағдайға баса назар аударды. Себебі, соңғы тәулікте мегаполисте коронавирус инфекциясының 850 жағдайы тіркелді. Осыған байланысты вирустың одан әрі таралуын болдырмау мақсатында биыл Құрбан айт мерекесі онлайн-режимде өтеді. Қайырымдылықты qurban2021.kz сайтына өтінім беру арқылы онлайн жасауға болады. Кеңес барысында, сондай-ақ құрбандыққа шалынатын жануарларды сату кезінде

қалалықтардың денсаулығын «дельта» штамын жұқтырудан қорғау мәселелері талқыланды. Басты міндет – коронавирус инфекциясының таралу қаупін азайту.

Әкім орынбасары Ержан Бабақұмаров қалалық басқармалар мен аудандардың әкімдіктеріне, ветеринарлық және тиісті қызметтерге мереке кезінде инфекцияның алдын алу және карантиндік шектеулердің сақталуына бақылауды күшейту жөнінде қажетті шаралар қабылдауды тапсырды. Естеріңізге салсақ, Құрбан айт мерекесінің онлайн форматы өткен жылы енгізілген болатын. Шектеулер барлық ұйымдарда, соның ішінде жеке үй шаруашылықтары мен медреселерде адамдардың жаппай жиналуы арқылы іс-шаралар өткізуге тыйым салуды көздейді. Сонымен қатар, автокөліктерден және жеке үй шаруашылықтарынан мал союға тыйым салынады, құрбандық шалуға арнайы бөлінген жерді қоспағанда, бүкіл қала бойынша мал сою цехтары мен базарларының жұмысы тоқтатылады.

ҚЫСҚА...

- 25 шілде күні еліміз бойынша 730 елдімекеннің әкімі тікелей сайлау арқылы анықталады.
- Қазақстандықтар 1 қазанға дейін мүлік салығын төлеуі керек.
- Алматы қаласының мемлекеттік Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин антиваксерлерді инфекциялық аурухананың «қызыл аймағына» «экскурсия» жасауға шақырды.
- Қаладағы ревматология орталығы 250 орынға дейін кеңейтілмек.
- Токио Олимпиадасына Алматыдан спорттың алты түрінен 13 спортшы баратын болды.
- Құрбан айт қарсаңында мегаполисте карантин күшейтіледі.



ЖЕТІСУДА ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Қала әкімі Жетісу ауданының әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын тексерді



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Сүрілетін қаркас пен қамыстан салынған үш үйдің тұрғындары қала әкіміне қоныс аудару мәселесінің кешігіп жатқанын айтты. Осыған орай Б.Сағынтаев жаңарту бағдарламасының операторы болып табылатын «Алматы» ӘКК басшылығына тұрғындарға жобаның кезеңдері туралы уақытылы хабарлауды әрі олардың уақытша тұратын қоныстарын жедел шешуді тапсырды.

Мегаполис әкімі 150 қосымша орын ашуға мүмкіндік беретін №102 мектептің жаңа корпусының құрылыс қарқынымен танысты. Б.Сағынтаев құрылыс-монтаж жұмыстарын тездетуді және нысанды 1 қыркүйекте ашуды тапсырды. «Құлагер» шағынауданында ауысымында 150 келушіге арналған заманауи ДСК кешенінің құрылысы жалғасуда. Кешен спорт және тренажер залдарынан, екі бассейннен және күш жаттығулары залынан тұрады.

43 шақырымға жуық сумен жабдықтау желілері және 15 шақырым судан бұру жұмыстары аяқталып қалды. Орталық жүйеге 6 мыңнан астам абонент қосылады.

Қадамдық қолжетімді медициналық қызметтермен қамтамасыз ету, қолданыстағы медициналық мекемелердің жүктемелерін азайту, емханаларды ашу үшін дайын ғимараттарды сатып алу мүмкіндігі қарастырылуда. Сидоркин, 14 және Омаров, 91 «А» көшелеріндегі ғимараттарды қарап шыққан қала әкімі Қоғамдық денсаулық басқармасына осы мәселені зерделеуді тапсырды.

Б.Сағынтаев Қазыбаев көшесі–Рысқұлов даңғылы–Төгібеков көшесі–Райымбек даңғылы бойында салынып жатқан инженерлік желілердің құрылыс сапасын тексерді. 43 шақырымға жуық сумен жабдықтау желілері және 15 шақырым судан бұру жұмыстары аяқталып қалды. Орталық жүйеге 6 мыңнан астам абонент қосылады. Қала әкімі жұмыс сапасына, соның ішінде жол жамылғысын қалпына келтіру жұмысына бақылауды күшейтуді тапсырды.



«Құлагер» шағынауданында ауысымында 150 келушіге арналған заманауи ДСК кешенінің құрылысы жалғасуда. Кешен спорт және тренажер залдарынан, екі бассейннен және күш жаттығулары залынан тұрады.

Жұмыс сапары кезінде қала әкімі Жетісу ауданындағы абаттандырудың барысымен танысты. «Құлагер» шағынауданында «Бюджетке қатысу» жобасы аясында салынып жатқан аралас көшедегі жаяу жүргіншілер аймағын қарап шықты. Б.Сағынтаев ойын алаңдары мен спорт алаңдарын жасаудың, сондай-ақ ыңғайлы орындықтар мен көше шамдарын орнатудың қажеттілігін атап өтті.

Сейфуллин даңғылындағы бұрын қараусыз қалған ұйаралық аумақта «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша Workout құрылысы орнатылып, жарық желісі тартылды,

орындықтар қойылды. Қала әкімі «Құлагер» шағынауданындағы үйлердің қасбеттерін жөндеу және Жангелдин көшесі бойындағы арық желілерін реконструкциялау жұмыстарымен танысты.

Жұмыс сапарының соңында Б.Сағынтаев «Көкмайса» шағынауданындағы Есентай өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысының басталуымен және Үлкен Алматы каналы бойындағы учаскені реконструкциялаумен танысты. Жасыл экономика басқармасына қалалықтардың пікірін ескере отырып, қоғамдық кеңістіктерді жөндеуді тапсырды. Жаңа демалыс аймақтары жақын маңдағы «Көкмайса» және «Айнабұлақ» шағынаудандары тұрғындарының серуендейтін орындарына айналады.



САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл шаһарда
81
жаңа заманауи
сауда нысанын салу
жоспарлануда



«Алматы жастары»
бағдарламасы
аясында жыл басынан бері
116
отбасы баспаналы болды



Қалада
2023 жылға дейін
20-ға жуық
мемлекеттік балабақша
салынады



Ағымдағы жылдың
бірінші тоқсанында
қаланың туризм
саласына

29,6 млрд. теңге
инвестиция құйылды



Мегаполисте
207
мемлекеттік
мектеп бар

АЛМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ



Айым
НҮРМАН

Бақытжан Сағынтаев Алмалы ауданының әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын тексерді. Жұмыс сапары барысында емханалар мен мектептерді модернизациялау мәселелерін қарады және қала аумақтарын абаттандырумен танысты.

Мегаполис әкімі ауданды аралау кезінде 65 орынға есептелген қалалық ревматологиялық орталықта болды. Медмекеменің бас дәрігері А.Күлембаеваның айтуынша, Алматыда ревматоидты дертке шалдыққан 11 мыңға жуық адам бар екен. Сондықтан оларға уақытылы медициналық көмек көрсету үшін медициналық мекемені кеңейту қажет. Жағдайды зерттеген Б.Сағынтаев төсек-орын санын 200–250-ге дейін арттыру үшін орталықтың жаңа корпустарын салу жобасын әзірлеуді тапсырды. Ал ардагерлерге арналған ауысымына 500-ге дейін келушіні қабылдайтын қалалық емхана ғимараты күрделі жөндеуді қажет етеді. Емханаға 30 мыңнан астам адам бекітілген. 1955 жылы салынған ғимарат 10 жыл бұрын жөнделген. Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша емхананы сейсмикалық нығайту және күрделі жөндеуден өткізу мүмкіндігі қарастырылатын болады.

Сонымен қатар, қала әкімі ауданның білім беру инфрақұрылымының дамуымен танысты. Оқушылар орындарының тапшылығын азайту мақсатында №34 мектеп-гимназиясының 600 орынды жаңа корпусы салынуда. Әрі Қабанбай батыр көшесінің бойында жеке инвестор бұрын құрылысы тоқтаған нысан негізінде 856 орынды дарынды балаларға арналған мектеп салып жатыр. Балалардың денешынықтыруын дамыту үшін МЖӘ аясында №128 мектеп



аумағында көпфункционалды спорт кешені салынуда. Алдағы уақытта барлығы 11 спорт кешені салынып, мектеп жанындағы қолданыстағы 33 спорт алаңы модернизацияланады.

Сондай-ақ, Б.Сағынтаев DEPO Evolution Park-тің құрылыс барысымен танысты. Мұнда креативті индустрия жобаларын іске асыруға арналған алаң жасалатын болады. Мақатаев скверінде қала әкіміне «Букроссинг» көшпелі кітапхана жобасы таныстырылды. Мұнда әркім кітап ала алады, өзінікін қалдырады немесе қалаған басылымын оқуға алады. Ауданның саябақтары мен

скверлерінде осындай 10 кітапхана орнату жоспарлануда.

Жұмыс сапары барысында қала әкіміне жеке инвестор есебінен Мәуленов көшесін абаттандыру жобалары көрсетілді. Б.Сағынтаев Сейфуллин даңғылындағы 450, 452, 452/1, Жібек жолы көшесінің бұрысындағы аулаларды реконструкциялаудың барысын қарап шықты. «Бюджетке қатысу» жобасы аясында ауданда Әуезов пен Әйтеке би көшелерінің қиылысындағы А.Байтұрсынов атындағы және «АРО» скверлері абаттандырылуда. Варламов көшесінде жоба аясында скейт-парк салынды.



Спортшыларға жеңіс тіледі



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Алматыдан Олимпиадаға қатысатын спортшылармен онлайн-кездесу өткізді. Шаһар басшысы Токиодағы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына қатысушыларға табандылық пен жеңіс тіледі.

«Токио – 2020» Олимпиада ойындары ағымдағы жылдың 23 шілдесінен 8 тамызға дейін Жапония елінде өтеді. Алматы қаласының 13 спортшысы Олимпиада ойындарына қатысу үшін спорттың 6 түрі

бойынша 13 лицензияны жеңіп алды: жүзу (100 м., 200 м.) – Дмитрий Баландин; спорттық шыңға шығу – Ришат Хайбуллин; спорттық гимнастика – Милад Карими (7 лицензия); су полюсінің командасы; жеңіл атлетика – Кристина Овчинникова; стөнділік ату – Әсем Орынбай. Елдегі лицензиялардың жалпы саны – 96, ал спортшылар саны – 95.

Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың 24 тамызы мен 5 қыркүйегі аралығында Токиода Паралимпиада ойындары өтеді. Алматыдан 2 спортшы 2 лицензия жеңіп алды: паратаэквондо – Камиля Досмалова, парапауэрлифтинг – Алина Солодухина. Елдегі лицензиялардың жалпы саны – 23.



«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы 800-ден астам іс-шара өтеді



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨНІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ
РЕГИОНАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИЙ ГОРОДА АЛМАТЫ
REGIONAL COMMUNICATION SERVICE OF ALMATY CITY



Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мегполисте ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы жүзеге асып жатыр. Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Ренат Бекбергенов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында осы бағдарда жүзеге асырылған және жоспарланған іс-шараларды баян етті.

– Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы сапалы әрі жоғары деңгейде өтуі үшін бірыңғай қалалық жоспар әзірленді. Барлығы 953 іс-шара жоспарланса, оның 2-еуі республикалық, 436-сы қалалық, 549-ы аудандық деңгейде өтеді. Қаладағы іс-шара республиканың 30 жылдық кезеңіндегі жетістіктеріне және әр айдың тақырыптық жетістіктеріне сілтеме жасай отырып өткізіліп, сондай-ақ атаулы күн мен мерекелерге арналады. Мысалы, маусым айында Алматыда мемлекеттік рәміздер күніне, медицина қызметкерлері күніне және полиция күніне арналған 70-тен астам түрлі форматтағы іс-шаралар өтті. Тұрғын үй терезелеріне жалпаулар қойылып, Әнұран бір мезгілде орындалды. Адам көп жиналатын аумақта мемлекеттік ту таратылып, жалпаулары бар автокөліктер мен мотожарыстар өтті, – деді Р.Бекбергенов.

Шілде айында қаламызда ҚР астанасы күніне арналған онлайн және офлайн форматта ашық аспан астында іс-шаралар өткен болатын.

– Қазіргі таңда шаһарда маңызды оқиғалар болып жатыр. 25 өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени нысандар пайдалануға берілді. Соның ішінде Қазақстан-Швейцария туризм және қонақүй бизнесі институты, «Ads Industries» фармзауыты, «Тереңқұр» жаяу жүргіншілер аймағы, жаңа балабақша мен мектептер ашылды, – деді Қоғамдық даму басқармасының өкілі.

Екінші жартыжылдықта қала әкімдігі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30

жылдығы аясында 800-ден астам іс-шара өткізуді жоспарлап отыр.

– Тамыз айының соңы мен қыркүйек айының басында педагог қызметкерлермен Тамыз конференциясын, Конституция күніне арналған ауқымды іс-шараларды өткізу жоспарланған. Сондай-ақ, Алматыда «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында бірыңғай қалалық сынып сағаты мен ашық сабақтар өтеді. Сонымен қатар, Ыбырай Алтынсаринге ескерткіш пен 13 жаңа білім беру нысанын ашу жоспарлануда, – деді Р.Бекбергенов.

Жыл соңында Алматы тұрғындарын көптеген қызықты оқиғалар күтуде. Мысалы, қараша айында индустриялық-инновациялық және әлеуметтік нысандарды іске қосу, «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» республикалық форумы және «Creative jastar» инновациялық жобалар байқауы сияқты көптеген іс-шара өтеді. Сондай-ақ, желтоқсан айында қалада Тұңғыш Президент күніне арналған іс-шараларда қалыс қалмайтын көрінеді. «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыптық көрмелері, ғылыми-практикалық конференциялар жоспарланған. Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына арналған атаулы күнге ерекше назар аударылды. Алдағы уақытта «Қайырымды істер марафоны» республикалық жобасы аясында 396 түрлі форматтағы іс-шаралар жүзеге асады. Жобаның арқасында мұқтаж отбасыларға азық-түлік жиынтығы түрінде материалдық қолдау көрсетіліп, тұрғын үйді жөндеуге мүмкіндік беріледі. Бүгінгі күнге дейін 22 мыңға жуық алматылыққа қолдау көрсетілді. «Қайырымды істер марафонына» Алматы кәсіпкерлері белсене қатысуда. Мысалы, «Metal Prom Group» компаниялар тобы өткен жылы қайырымдылыққа 105 млн. теңге жұмсаған. Жалпы, соңғы үш жылда мұқтаж жандарға 450 млн. теңге көлемінде қайырымдылық көмек көрсетілген.

«Metal Prom Group» компаниясы үшін көмек тек жоғары гуманистік әрекет емес. Өйткені, кәсіпорынның міндеті – адалдық, еңбексүйгіштік, сапа, мемлекетке және адамдарға пайда әкелу. Кәсіпорын қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге көмектесуге дайын», – деді Д.Абдухалил. Оның айтуынша, барлық кәсіпкерлер үшін қайырымдылық шарасы кәсіптің әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі екенін айтты.



Айнұр
СЕНБАЙ

Алматыдағы эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуіне байланысты қаланың Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин Құрбан айт мерекесінде іс-шаралардың шектелгені туралы айтты.

Бұл – коронавирустың таралуын болдырмау үшін жасалды. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қала тұрғындарын эпидемиологиялық жағдайға түсіністікпен қарап, мерекені шағын отбасылық ортада өткізуді сұрады.

Жандарбек Бекшиннің айтуынша, өткен тәулікте қауіпті індетті жұқтырған 885 жаңа жағдай тіркелді. Қазіргі уақытта инфекциялық стационарларда 2200-ден астам қала тұрғыны болса, соның ішінде 180-нен астамы бала.

«Бүгінде қаладағы эпидемиологиялық жағдай күрделі. Бұл вакцина алмаған және «үнді» штамының тез таралуына байланысты. Жыл басынан бері қалада КВИ-ді жұқтырған 63 мыңнан астам науқас тіркелді. Бұл ретте коронавирус инфекциясының «үнді» штамымен жоғары контагиоздылықты растау үшін өткен аптада қауіпті індет шамамен 2 есеге өсті», – деді Ж.Бекшин.

Алматының мемлекеттік Бас санитар-дәрігері шілденің екі аптадағы статистикасын айтты. Барлығы 7520 адам індет жұқтырған. Бұл эпидемиологтердің пессимистік болжамына сәйкес 8300 жағдай.

Ж.Бекшин өткен аптада Уханның COVID-19 нұсқасынан туындаған індеттің алғашқы толқыны кезінде «симптомдық» науқастардың үлес салмағы 87%-дан 90%-ға дейін және өткен жылдың бірінші толқынында 50%-ға өскенін айтты.

Бұл ретте 15 шілдедегі жағдай бойынша Алматы қаласының халқын бірінші компонентпен вакциналаумен қамту халықтың ресми санынан 32% (ауырып жазылған адамдардың 10%), екінші компонентпен 18% (ауырып жазылған адамдардың 10%) құрады. Бұл әлі де эпидемиологиялық процестің дамуын қамтамасыз етпейді.

Сонымен қатар, эпидемиологтердің талдауы көрсеткендей, 14 жасқа дейінгі жұқтырған балалардың үлесі 13%-ды құрайды. Ал 20 жастан 40 жасқа дейінгі азаматтар арасында сырқаттанушылық 4%-ға өсіп, 39%-ға жетті. 15 пен 19 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 0,8%-ға артып, 5%-ға жетті.

60 жастан асқан адамдар әлдеқайда аз жұқтырады. Ж.Бекшин бұл деректерді белсенді вакцинамен байланыстырады. Егде жастағы адамдардың 34% вакцина алғандар әрі қоғамдық орындарға сирек барады.

Мәжіліс және Сенат депутаттарымен кездесті

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Мәжіліс пен Сенат депутаттарымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында алматылықтардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері талқыланды. Мегполистің әлеуметтік-экономикалық дамуы, медициналық, білім беру және әлеуметтік қызметтерді алу үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету, сондай-ақ сумен жабдықтау желілерін, жолдар мен сыртқы жарықтандыруды салу мәселелері көтерілді.

Депутаттарды толғандырған барлық мәселелер бойынша жан-жақты мағлұматтар берілді. Сондай-ақ қалалықтардың талап-тілектерін шешу бойынша, оның ішінде Алматы қалалық «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындауға бағытталған Жол картасы аясындағы, сонымен бірге «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарын іске асыруға орай қабылданған шаралар шеңберіндегі мәселелер пысықталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«Онлайн» Құрбан айт

Брифинг барысында Ж.Бекшин «дельта» коронавирус нұсқасының тез таралуына байланысты вакцинаға салғырт қарайтын және қоғамдық орындарға жиі баратын 20 мен 40 жас аралығындағы азаматтар екенін айтты.

«Сонымен қатар, 30 бен 40 жас аралығындағы азаматтардың 22% көбірек жұқтырған. 20 мен 30 жас аралығындағы жастармен салыстырғанда 17%, олар әлі де туа біткен инфекцияға қарсы тұра алмайды», – деп қорытындылады Алматы қаласының Бас санитар-дәрігері.

Инфекция ошақтарындағы эпидемиологиялық тексеру нәтижелері жұқтыру орындарын анықтағанын көрсетеді.

«Өткен аптамен алдыңғы кезді салыстырғанда, отбасыларда КВИ жұқтыру деңгейі 9%-ға, туыстарымен, көршілерімен, достарымен байланыс кезінде 0,2%-ға төмендеді. Бұл отбасыларда вакциналанған мүшелердің айтарлықтай өсуі. Бұл ретте сауда нысандарында жұқтырудың 31%-дық жоғары деңгейі байқалады. Өткен аптада 0,5%-ға өсумен, супер-гипермаркеттерде 2,2%-ға және орамшылдық азық-түлік дүкендерінде 1%-ға және азық-түлік емес дүкендерде 0,5%-ы құрады. Асханаларда жұқтыру 0,4%-ға, монша мен сауналарда 0,9%-ға, «Ashyk» жобасына қатысушы нысандарында 0,5%-ға және қала маңы аймағына бару кезінде 0,2%-ға артқаны байқалады», – деді Ж.Бекшин.

Ж.Бекшин коронавирусты жұқтырудың негізгі орындары туралы айта отырып, мынадай деректерді келтірді: сауда нысандарында – 31%, отбасылардағы байланыстар – 18%, қоғамдық көлік – 16%, базарлар – 11% және қоғамдық амақтану нысандарында – 4% құрайды.

Айта кетсек, бүгінде 4326 науқас дәрігерлердің бақылауында, олардың төрт мыңға жуығы аурудың жеңіл және орташа ауырлығымен жатыр. Сондықтан Алматының Бас санитар-дәрігері көпшілік жиналатын іс-шараларды, соның ішінде Айт намазын өткізуге тыйым салды.

Брифинг барысында Ж.Бекшин азаматтардан бұл шараларға түсіністікпен қарауды сұрады. Өйткені, мегполистегі жаңа «дельта» штамының дерті мен айналымы халықтың денсаулығына қауіп төндіреді. Талаптарды елемей жұқтырғандардың көбеюіне әкелуі мүмкін.

Ол коронавирустың «үнді» штамы әлдеқайда қауіпті екенін әрі ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін екенін еске салды. Алматы қаласының тұрғындарын коронавирустың таралуына қарсы күресте көмек көрсетуге және «Ashyk» жүйесіндегі нысандарды міндетті түрде тіркеуге, сондай-ақ әлеуметтік жауапкершілік көрсетуге және КВИ-ге оң тест болған жағдайда қоғамдық орындарға бармауға шақырды.

65 қылмыстық іс қозғалды

Тек бір тәулік ішінде елімізде коронавирустық инфекцияға оң ПТР-талдауы бар 5648 науқас анықталды. Қабылданған шектеу шараларына қарамастан, бұл сан күн сайын өсіп келеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша осы аурумен байланысты барлық қылмыстық көріністерге ерекше көңіл бөлінеді. Жалған ПТР-тестілері мен вакцинация паспорттарын қолдан жасау және пайдаланушыларды анықтау бағытындағы жұмыстар белсенді жүргізілуде. Өйткені, вакциналанбаған азаматтар коронавирустың таралуына жағдай жасап, басқаларға жұқтыру қаупін жоғарылатады.

Тергеу бөлімшелерінің өндірісінде ПТР-тестілерді қолдан жасау, дайындау немесе өткізу бойынша Қылмыстық кодекстің 385-бабы бойынша 65 қылмыстық іс қозғалды (ҚК 385-бабы 1-бөлігі-23, 2-бөлігі-3, 3-бөлігі-16), оның ішінде 39-ы биыл тіркелген.

Вакцинация паспорттарын қолдан жасау фактілері бойынша биыл 23 қылмыстық іс тіркелді, тергеу жалғасуда. Қолдан жасалған құжаттардың саны және әрбір іс бойынша заңға қайшы әрекеттерге қатысушылардың саны да әртүрлі. Бұлар тергеу нәтижелері бойынша нақтыланатын болады.

Ішкі істер органдары жалған ПТР-анықтамалар мен вакцинация паспорттарын сату фактілерін анықтау бойынша түрлі жедел-ізвестіру шараларын жүргізуде. Полиция қызметкерлері медициналық орталықтарды, емханаларды, вакцина алу пункттерін тексеруді жалғастыруда.

ІІМ жалған құжат жасағаны үшін 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жауапкершілік, ал оны пайдаланғаны үшін 40 тәулікке дейін қамауға алу көзделгенін еске салады.

А.А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ



КАТАР МЕМЛЕКЕТІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ агроөнеркәсіптік кешен саласындағы бірлескен ғылыми-инвестициялық жобаларды қолдауға жол ашады

2021 жылдың 12–14 шілдесі аралығында Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің (ҚазҰАЗУ) Басқарма төрағасы – ректор Тілектес Есполов Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам Ұйымының (АҚИҰ) Бас директоры Ерлан Байдәулет бастаған делегация құрамында Катар мемлекетіне жұмыс сапарымен барды. Сапардың мақсаты – агроөнеркәсіптік кешен саласындағы бірлескен ғылыми-инвестициялық жобаларды талқылау болып табылады.



Делегацияны Қазақстан Республикасының Катар мемлекетіндегі Елшісі Арман Исағалиев бастап жүрді. Екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастар 1993 жылдың шілдесінен бастап орныққан. Қазақстанның Катардағы елшілігі 2007 жылдың мамыр айында ашылған болатын. Соңғы жылдары екі ел арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде дамып келеді.

– Біздің сапарымыз қалыптасқан үрдісті қолдауға бағытталған. Катар – жан басына шаққанда ЖІӨ көрсеткіші бойынша әлемде үшінші орынды иеленеді. Халықаралық қауымдастықта прогрессивті көзқарасымен танылған және инвестициялық қуаты жоғары бай мемлекеттердің бірі. Бізге осы елдің әлемдік инвестор ретіндегі әлеуетін толық көлемде пайдалану қажет. Екі ел арасындағы тәжірибе алмасу экономикалық және ғылыми-инвестициялық ынтымақтастықты нығайта бермек, – деп атап өтті Тілектес Есполов.

2021 жылдың 12 шілдесінде Катар мемлекетінің Сыртқы істер министрлігінің Бас хатшысы доктор Ахмад Хассан әл-Хамадмен және Катардың муниципалитет және қоршаған ортаны қорғау министрі, доктор Абдулла бин Абдулазиз бин Турки әл-Субайемен кездесу өтті.

Доктор Абдулла әл-Субайе Катар мемлекетінің АҚИҰ бағдарламалары шеңберінде белсенді ынтымақтасуға дайындығын білдірді және Ұлттық генетикалық банктерді, мемлекеттік инвестициялық агенттіктермен бірлесіп Ұлттық азық-түлік секторларын, тамақ, оның ішінде халал өнімдерінің, сондай-ақ гуманитарлық бағдарламаларды дамытуға ерекше назар аударды.

Сол күні қоғамдық ірі қаржы институты болып табылатын және мемлекет атынан Катардың 2030 – Ұлттық стратегиясы шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және нығайтуға ресми көмектің әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыратын «Qatar Fund for Development» Катар даму қорының бас директорының жоспарлау жөніндегі орынбасары Али Абдулла әл-Даббагос мырзамен кездесу де болды.

13 шілдеде «Hassad Food» ұлттық компаниясының төрағасы Мохаммад Бадр әл-Садамен кездесу өтті. Бұл компания Катардағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шет елдермен инвестициялық ынтымақтастық орнату мәселелерімен айналысады.

Сонымен қатар, делегация мүшелері Катардың «Invest Qatar» инвестицияларды жылжыту агенттігіне барып, оның атқарушы директоры Шейх Али Әл-Уалид Әл-Танимен, сондай-ақ «Global Dryland Alliance» Шөлейт жерлердің жаһандық Альянсының атқарушы директоры Бадер Омар Әл-Дафамен кездесті.

Кездесулер барысында Ислам елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі және халқының тамақ өнімдеріне сұранысын қанағаттандыру үшін азық-түлік өндіру, су қауіпсіздігі мен суды тұтыну мәселелері жан-жақты талқыланды.

Катар тарапына ҚазҰАЗУ ғалымдары әзірлеген «Халықаралық халал өнімдерін зерттеу орталығы», «Ауыл шаруашылығында су ресурстарын тиімді пайдалану үшін суды тұжыландыру мобилді қондырғысын әзірлеу және енгізу», «Полиэтилен үлдірден жасалған вакуумдық контейнерлерде сүрлем дайындау» және т.б. ауыл шаруашылығы саласындағы нақты инвестициялық жобалар таныстырылды.

14 шілдеде делегация мал өсірумен, сүт және сүт өнімдерін өндірумен айналысатын

Катардың «Baladna» ірі ауылшаруашылық компаниясына барды. Компания елдегі балғын сүт өнімдерінің негізгі жеткізушісі (95%-дан астам) болып табылады.

Кезінде «Baladna» компаниясы қой мен ешкі өсіретін ферма ретінде құрылған екен. 2017 жылдың мамыр айынан ол Катар нарығы үшін сүт өнімдерін шығара бастады. Қазір фермада 22 000 бас ірі қара мал бар, әлеуетті қуаты – 24 000 бас. Сиырларды азықтандыру үшін Азия, Еуропа және Африкадан әкелінген жем-шөп қолданылады. «Baladna»-ның өндірістік қуаты ауқымды, мұнда ең заманауи сауу залдары бар 40 сиыр корасын құрайтын жалпы ауданы 2 млн. шаршы метр болатын екі ферма бар. Қазіргі уақытта компания күніне 700 000-нан 900 000 литрге дейін сүт өндіреді және ішкі нарықты 80% өз өнімімен қамтамасыз етеді.

Компанияның негізгі мақсаты – Катарды сүт және сүт өнімдерімен толық қамтамасыз ету. Осы мақсатқа жеткеннен кейін компания сүт өнімдерін экспорттауға көшуді және шырындар өндірісін бастауды жоспарлап отыр.

Дәл сол күні делегация мемлекеттік зерттеу университеті мәртебесі бар Катар университетіне барды. Ол мемлекеттің астанасы Доха қаласының солтүстік шетінде орналасқан әрі елдегі жалғыз мемлекеттік университет. Университетте он колледж – Өнер және ғылым, Бизнес және экономика, Білім, Инженерия, Құқық, Шарият және Исламтану, Фармацевтика, Медицина ғылымдары колледжі, Медицина колледжі және стоматология колледжі жұмыс жасайды.

Оқыту араб және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Университетке түсетін студенттер математика, ағылшын тілі және компьютерлік технологиялар сияқты пәндер бойынша дағдыларды меңгеруді қамтамасыз ететін «Базалық бағдарламадан» өтеді.

Университеттің көптеген академиялық кафедралары аккредиттелген. Университетте ғылыми-зерттеу зертханалары, мұхит кемесі, техникалық жабдықтар және кітапхана бар. Кітапханада сирек кездесетін қолжазбалар жинағы сақталған.

Университет аймақтық зерттеулер жүргізуде, атап айтқанда, қоршаған орта және энергетикалық технологиялар саласында Үкімет пен жеке сектордың мүдделерін білдіреді. Катар университетінде 52 ұлт өкілдері оқиды, олардың 65%-ы Катар азаматтары. Білім алушылардың жалпы санының шамамен 70%-ын әйелдер құрайды. Оларға оқу үшін жеке үй-жайлар берілген.

Катар университетінде «Ауылшаруашылық зерттеу станциясы» мамандандырылған орталығы құрылуда. Станцияның мақсаты – ауылшаруашылық зерттеулерін жүргізу және тұрақты дамудың алдыңғы қатарлы бағдарламаларын жүзеге асыру, Катар климатына сәйкес келетін инновациялық ауылшаруашылық технологияларын әзірлеу және сынау.

Кездесу қорытындысы бойынша білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Қазақстан–Катар орталығын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Катар университетінің президенті доктор Хассан Рашид Әл-Дерхам жақын арада Қазақстанға, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне ресми сапармен келмек. Сапар барысында жоғары оқу орындары арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылады.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

Шаһардағы көп-қабатты үйлердің бірінің қабырғасында қолшатыр ұстаған қыздың суреті бейнеленген әдемі мурал пайда болды. Болашақтың символы саналатын бала бейнесінің тұрғындардың көңілінен шыққаны анық.



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МУРАЛ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Суретте жаңбыр жоқ, бірақ кішкентай қыз сонда да қолшатыр ұстап тұр. Граффити авторы туындыға өзгеше мән беруге тырысқан. Муралдан Антикорт логотипі байқалады. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттіктің бүгінгі күнмен қатар, болашақ үшін де алаңдайтынын білдіреді. Суретшілер қарапайым қолшатыр арқылы өзекті тақырыпты қозғап отыр. Ал ең бастысы, бала бейнесі қалалықтарға ұнады.

– Аз уақытта жасап бітірдік. Бояу көп кетеді. Себебі, біздің өзіміздің технологиямыз бар. Бояуды бірнеше қайтара жағамыз. Оның үстіне, бұл ескі үй ғой. Қабырғаны алдын ала дайындап алу қажет. Сапалы, сыртқа арналған бояуды қолдандық. Ол әдемі әрі ұзақ уақытқа шыдайтын болады, – деді жоба авторы Кристина Бекмурзаева.



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Байқаған болсаңыз, шаһардағы дүкендер темекі сөрелерін жауып қойып жатыр. Бірі арнайы пердемен жапса, келесі біреулер картон қағаз, шүберек пайдалануда. Өйткені, көпшілік айыппұл арқадағысы келмейді. Ал арнайы сөре алуға көптің шамасы келе бермейді. Ондайлардың біреуі 500 мың теңге тұрады.

Елімізде 10 күн бұрын темекі өнімдерін дүкен сөрелерінде ашық жарнамалауға тыйым салынған болатын. Мұндағы мақсат – табак өнімдеріне деген сұранысты азайту. Бірақ тұрғындар жаңа талап аталған тауарға деген сұранысты азайтпайды деген пікірді. Олар «бір жағынан жапқан да дұрыс, денсаулыққа пайдасы бар. Енді темекі шегетіндер де амалын табады, шеккісі келген адамның аузына қапқақ бола алмайсын», «адамдардың сұранысы бар, сол үшін ақша төлеп отыр. Ал оны көрсетпей сату деген ақымақтық», «шегетін адам қай жерде тұрса да шегеді ғой, ол дүкендегілерге екі жұмыс болған сияқты.

ФОТОАЙҒАҚ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қолдан жасалған «ҚҰДЫҚ»

Шаһардағы К.Байсейітова (№45 үйдің жаны) көшесіндегі жаяу жүргіншілерге арналған жол ортасына түсіп, жан-жағы шашылып жатыр. Балалар ойнайтын алаң жақын болғандықтан, бұл маңда бала көп жүреді. Алаңсыз ойнап жүрген балақайлар байқаусызда «құдыққа» түсіп кетпесіне кім кепіл?!

С.ҚҰСАЙЫН.

Ыстық су уақытша берілмейді

Мегаполистегі Наурызбай және Түркісіб ауданындағы бірнеше көшеге біраз уақытқа дейін ыстық су берілмейтінін алдын ала ескертеміз.

«Алматы жылу желілері» ЖШС-ның хабарлауынша, Наурызбай және Түркісіб ауданында орналасқан бірқатар үй мен ғимаратта ыстық су бірнеше күнге тоқтатылады.

19 шілде мен 23 шілде аралығында Остроумова–Дегдар–Красногорская көшелерінде ыстық су болмайды; 21 шілде мен 9 тамыз аралығында Райымбек–Өшімов–Абай–Карьерная көшелерінде; 21 шілде мен 17 тамыз аралығында Гете–Майлин–Заславский–Новосибирская, Лаврентова–Донентаев–Соболева–Зимняя–Сүйінбай–Бекмаханов көшелерінде; 21 шілде мен 18 тамыз аралығында Собинов–Монтажная–Поддубного–Беринг көшелерінде орналасқан үйлер мен ғимараттар ыстық судан ажыратылады.

Компанияның мәліметінше, уақытша шектеулер су жылыту жабдықтары мен қазандықтарды жөндеу жұмысына байланысты енгізілген.

Дайындаған Әсел ДАҒЖАН.



#QAZAQSTAN30

Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...



Арман НАРБОТАЕВ,
ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің бас сарапшысы, «Болашақ» бағдарламасының негері:

– Тәуелсіздік мен үшін тәңірдің берген тәтті сыйы. Тәуелсіздік үшін жаны құрбан болған азамат Қайрат Рысқұлбеков: «...Бұл дүниеде ең зор бақыт — еркіндік екен ғой, кім білген...», – депті. Сондықтан да тәуелсіздік құсының мәңгілік тұрақтап қалуы сіз бен бізге байланысты. Жалындаған жас ұрпақ қазіргі Қазақстанның қалыптасуындағы дәуірлік және маңызды оқиғаларының куәсі болды. Осы жылдар ішінде ел дамуында орасан зор серпіліс жасалды. Егемен еліміз тәуелсіз жылдарындағы барлық тар жол, тайғақ кешуден өтіп, қиындықтарды жеңіп, шыңдарды бағындырып, мемлекетіміз тыныштықты, тұрақтылықты, халықтың келісімі мен бірлігін, елдің мәдени мұрасын сақтап, тәуелсіз елдің символы – Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласын салды. Бүгінде еліміздің тәуелсіз қасиетті бейнесін білдіретін Мемлекеттік рәміздер бекітілген. Мұны елдің егемендігі жарияланған күннен басталған басты құндылығымыз деп санауға болады.



Жасмин ӘШІМОВА,
«Компас» білім беру орталығының директоры:

– Тәу етер қастерлі Тәуелсіздігімізге биыл 30 жыл! Тәуелсіздік – Қазақстанның жаңа дәуірде қол жеткізген барлық табысының қайнар көзі. Еркін ел болғандығымыздың арқасында ғана

Қазақстанның сөзі мен ісін бүкіл әлем таныды. Дүниенің бір бұрышындағы қазақ деген халықтың үлкен істер тындыра алатын білімі мықты, өрісі кең халық екенін әлем білді. Отыз жыл қарап тұрсаңыз аз ғана кезең. Бірақ осы жауапты жылдар еліміздің болашағына деген үлкен қадамдардың бастауы. Бүгінде елімізді экономика тұрғысында қарқынды дамып келе жатқан мемлекет деп таныса, бір жағынан бейбітшілікті ту еткен, ұлттар достығының үлгісі деп те таниды. Әрине, бұл ретте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есепті еңбегін айтып өткен жөн. Себебі, Тәуелсіздікпен Елбасының есімі қатар жүреді. Барлық ғұмырын елге қызмет етуге арнап келе жатқан тұлғаның ізгі жолы кейінгіге үлкен өнеге. Бүгінде шартарапта өзіндік беделі, өзіндік ұстанымы бар, өзгелердің біздің оймен санасатындай мемлекет деңгейіне көтерілуі Елбасының қажырлы еңбегінің арқасы. Тәуелсіздікке жету қандай қиын болса, оны сақтап қалу да сондай қиын. Бүгінде әрбір азамат бабалар аңсаған еркіндіктің қадіріне жете біліп, ақыретке дейін Тәуелсіздігіміздің баянды болуына ниетті болу керек.



Дана АҚЖОЛОВА,
«Қайырымды жандар» тобының еріктісі:

– Мен үшін еліміздің тәуелсіздігі қандай? Негізінде бұл менің бүкіл саналы өмірім. Бұл – еркін тыныс алатын, қалаған адамына айналатын, дамып, армандарыңа жететін Отан. 30 жыл біреулер үшін аз да, көп те. Бірақ қазақ халқы үшін бұл жылдар бақыт пен шаттыққа толы күндер. Осынау қой үстінде бозторғай ұялаған күндеріміз әрмен қарай жалғасын тауып, барша әлем халықтарының арасында керегеміз кең, тереземіз тең бола берсе екен деген ниеттеміз. Қазір тұрып жатқан қалам Алматы күн сайын өркендеп келеді. Тәуелсіздіктің арқасында жастары еркін, өз ұлтын, халқын сүйетін жанашырлар атанды. Мен өз Қазақстанымды жақсы көремін және оның үлкен болашағына сенемін.

Әзірлеген Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.



Әсел
ДАҒЖАН

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына орай, биылдан бастап ауыл әкімдерін тікелей халық өзі сайлайтын болды. Нақтылап айтсақ, 25 шілде күні еліміздің ішкі саяси аренасында айтулы оқиғалардың бірі – ауыл әкімдерін сайлау өтеді. Халық өз ауылының әкімін таңдау үшін таңғы сағат 7.00-ден кешкі 20.00-ге дейін сайлау учаскелеріне барып дауыс береді. Орталық Азия бойынша Қазақстан алғаш рет осындай сайлауды өткізгелі отыр. Қазір өңірлерде саяси науқанға дайындық жұмыстары қызу жүруде. Бүгінде кандидаттарды ұсыну кезеңі аяқталды.

Мамандар осы жолғы сайлауда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға, партиялардың өкілеттіктерін кеңейтуге жол ашады деген сенімде. Себебі, ауыл әкімдері әкімдік корпусының 90%-дан астамын құрайды. «Қазақстан халқының 40 пайыздан астамы ауылда тұрады. Сондықтан ауыл әкімдерін сайлау науқаны маңызды оқиға болғаны бір бөлек, бұл азаматтар мен мемлекеттің, билік пен қоғамның арасындағы қарым-қатынастың жаңа принциптерінің орныққанын аңғартады», – деді қалада өткен сараптамалық жиынның бірінде Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Ұлттық кеңестің хатшысы Ерлан Қарин.

Жалпы, елімізде 2346 ауылдық округ әкімі болса, биыл соның шамамен 775-і сайланады. Мәселен, Қызылорда облысында 40 ауылдық округтың әкімі таңдалады. Қазір өңір бойынша 151 үміткер саяси долада бағын сынамақ. Ресми деректерге сүйенсек, 151 кандидаттың 9-ы – әйел, яғни 5,9% құрап отыр. Ең жас кандидат 25 жаста. Ең үлкені 62 жаста. Кандидаттардың орташа жасы 41 жасты құрайды. Ұсынылған кандидаттардың мамандықтар бөлінісі бойынша ең көбі – мұғалімдер болып тұр. Ал Алматы облысында 71 ауылдық округ әкімін сайлау науқаны қызу жүріп жатыр. Бүгінгі таңда үміткерлердің ұсынымын қабылдау аяқталды. Алдағы кезекте үгіт-насихат жұмыстары мен әкімдерді сайлау ісі тұр. 279 тұлға ұсыным жіберіп үлгерген. Оның ішінде 93-і – саяси партия өкілдері болса, 186 азамат ауылдық округті басқаруға қауқарлымын деп өзін-өзі

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидат өзін-өзі ұсынған жағдайда, дауыс беруге құқығы бар тиісті сайлау округі сайлаушыларының жалпы санынан кемінде 1%-ы дауыс беруі тиіс. Сайлаушыларды қолдау олардың қолдарын жинаумен күзандырылады.

Кандидаттарды ұсыну сайлау жарияланғаннан кейінгі келесі күні басталып, сайлау күнінен 15 күн бұрын аяқталады. Яғни тағайындау мерзімінің ұзақтығы 14 күнге жетуі мүмкін. Осы уақыт ішінде кандидат тіркеуге қажетті құжаттарды жинаумен айналысады. Кандидаттарды тіркеу сайлау күнінен 10 күн бұрын аяқталады. Осы кезеңде аумақтық сайлау комиссиясы ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді. Сайлау күнінің алдындағы соңғы онкүндікте үгіт-насихат іс-шаралары және сайлаудың өзіне дайындық жүзеге асырылады. Сайлау өткізілгеннен кейін үш күн ішінде қорытынды шығарылады, жеті күн ішінде сайланған әкімді тіркеу жүзеге асырылады. Бұл ретте сайланған әкімнің өкілеттігі оны тиісті аумақтық сайлау комиссиясы тіркеген кезден басталады.

Әкімдерді сайлауды өткізуге республика бюджетінен шамамен 17,6 млрд. теңге, оның ішінде биыл 4,8 млрд. теңге бөлінеді.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің 730 сайлауға түсетін үміткерлерді тіркеу аяқталды.

Кандидаттарды ұсыну 9 шілде, сағат 18.00-ге дейін жалғасса, оларды тіркеу 14 шілде күні жергілікті уақытпен сағат 18.00-де аяқталды және бірден үгіт-насихат жұмыстары

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

АУЫЛ ӘКІМІ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?



Ерназар ӘЛІМБАЙҰЛЫ,
ауыл тұрғыны:

Халықтың қамы бірінші орында тұруы тиіс

Ауыл әкімі дегенде, алдымен ойға халықтың ортасында жүрген адам елестейді екен. Менінше, ауыл әкімі сол ауылдың қыр-сырын, шұқыр-ойын білетін адам болғаны дұрыс секілді. Өйткені, мәселеге қанық адам ауылдың жағдайын ескере отырып әрекет етеді. Кейбір ауылда су мәселесі бірінші орында болуы мүмкін, ал сырттан келген әкім алдымен оны қолға алмай, басқа мәселеге бет бұрады. Өйткені, оның ауылдың тыныс-тіршілігінен хабары жоқ. Ал өзіне дейінгі әкім мен орын-басарлар, көп жағдайда бәрін ашып айта бермейді. Ауыл арасынан шыққан әкім халыққа жақын әрі қамқор болатын секілді. Қанша дегенмен, әр тасы таныс өзі туған өлкеге жаны ашып тұрады ғой.

Әкім алдымен халықтың тұрмысын түзеуі тиіс. Сол кезде мемлекет ісі алға басады. Халық аш-жалаң бола тұра, басқа мәселені көтерген болмас.



Тимур МЕРГЕНБАЙ,
мұғалім:

Жауапкершілігі жоғары қызмет

Әкім дегеніміз – халыққа қызмет ету деген ұғыммен егіз. Ол елдің арқасүйері, халық қамы үшін тер төгіп, адал еңбекпен жұртына жақын болатын адам. Бірақ дәл қазіргі сәтте әкімдердің халықпен, қарапайым тұрғындармен тікелей бетпе-бет келіп, мұң-мұқтажымен бөлісіп, елге қажетті жақындықты таныта алмай отырғанын көз көріп, құлақ естіп отыр. Елдімекендерде әртүрлі мәселелердің қараусыз қалуы, бастау алған үлкенді-кішілі жобалардың аяқсыз немесе сапасыз болуы, сонымен қатар әртүрлі жемқорлық мәселесінің жиі көтерілетіндігі халық жағдайын қиындатып қана қоймай, енді ғана аяқ тіреп, даму сатысындағы елімізге тұсау салады.

Жауапкершілігі жоғары қызмет. Өйткені, халқымыздың басым көпшілігі ауылдарда тұрады. Яғни ауылдық аймақта әкім қызметін атқаратын мемлекет өкілдері сол тұрғылықты жердің шаруашылығынан, тұрғындарынан, тұрмыс-тіршілігінен толық ақпарат жинай отырып, ауыл жағдайына байланысты шешімді дұрыс қабылдап, аймаққа қолайлы ұсыныстарды халықпен санаса отырып іске асыруы қажет. Ауыл тұрғындарын бірлік пен ынтымаққа үгіттеп, халық арасындағы тату-тәтті жарасымдылықты арттырып, бауырмашылдыққа шақыруы, елі үшін атқарған еңбегі – нағыз халық таңдаулысы екенін көрсетеді.



ұсынған. Айта кету керек, Ақсу, Алакөл, Кеген, Кербұлақ, Панфилов аудандарына қарасты ауылдық округтеріне әкім болып сайланамын деушілер өзін-өзі ұсынған. Кандидаттар арасынан 243-і талапқа сай келсе, 16 тұлға саяси бәсекеден шет қалды. Ауылдық округті басқаруға бағын сынап жатқандардың ішіндегі ең жасы Жантаас Амангелдіұлы. Алакөл ауданының Теректі ауылдық округін басқаруға өз кандидатурасын ұсынған Жантастың жасы 20-да.

Ақмола облысында атқарушы 239 әкімнің 95-і (40%) сайланады. Сайлауға 100000 ақмолалық қатысады деп күтілуде. Бұл сайлаушылардың жалпы санының 19 пайызы. Аршалы, Жарқайың, Ерейментау, Целиноград аудандарының тұрғындары аудан орталықтары әкімдерінің басшыларын сайлайды. Осыған ұқсас жұмыс еліміздің басқа өңірлерінде де жүргізілуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін сайлаудың маңызды екенін атап өткен болатын. «Осы оқиғаны еліміздің тарихындағы айтулы белес деп айтуға болады. Негізі, бұл – біз үшін стратегиялық мәні айрықша міндет. Азаматтарымыз тұңғыш рет жергілікті атқарушы биліктің басшысын тікелей сайлау мүмкіндігіне ие болмақ. Біз бұған біртіндеп, жоспарлы түрде келдік», – деген еді Президент.

басталды. Заңға енгізілген өзгертулер мен түзетулер бойынша, үгіт-насихат 24 шілде, сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Науқан басталғалы бері республика бойынша екі мыңнан астам үміткер тіркелген. Сайлау жарияланған округтер санының көптігіне қарай кандидаттардың ең көбі Ақмола, Қарағанды, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарынан ұсынылды. Ал кандидаттардың ең азы Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстарына тиесілі.

Айта кетейік, ауыл әкімдерінің сайлауына халықтың тікелей өзінің араласуы туралы идея 90-жылдардан бері айтылып келеді. Алайда, соған енді ғана жетіп отырмыз. Бұл сайлауды сарапшы мамандар ғана емес, саясаткерлер де қолдап отыр. Өйткені, Елордада не облыс орталығында отырып, барлық ауылдағы және аудандағы тұрғындардың қажеттіліктерін білу, олардың проблемасын толық меңгеру мүмкін емес дейді мамандар. Сонымен қатар, бұл сайлаудың әділ өткені де өте маңызды. Себебі, ол халықтың билікке деген сеніміне әсер етеді. Дегенмен, бұл сайлауға халық та, сайлауға түсіп жатқан кандидаттар да немқұрайлық танытпауы керек. Өйткені, ертең жаңа лауазымның сұрауы екі жақтан да болады.

«Әкімді сайлап алған соң, ертең мемлекетке «неге ауылда су, жарық жоқ» деп ренжи алмайсыз. Өйткені, мұның бәрін сайланған әкім шешуі керек. Мысалы, бұрын неге мемлекетке мінін айтып ренжитін? Себебі, әкімді тағайындайтын. Ал қазір өзіңіз сайладыңыз ба, өзіңіз талап етуіңіз керек», – дейді саясаттанушы Самат Нұртаза elorda.info сайтына берген пікірінде.



Руслан ЖІРЕНБАЙ,
жүргізуші:

Бағдарламамен емес, сынақ мерзімімен алса

Ауыл әкімдерін сайлауда бірінші жауапкершілік сайлаушыларға жүктеледі. Олар кімге, қандай адамға дауыс беріп жатқандарын білуі тиіс. Бағдарламасына қарап емес, адамның өзіне қараған жөн. Осы уақытқа дейін неше түрлі әкімдердің болашақ бағдарламаларын көріп келеміз. Олары ісімен ұштаспай жатады. Одан да әкімдерге сынақ мерзімі берілсе. Сол уақыт аралығында олар өзін көрсетуі тиіс. Көрсете алмаса, орынды босату керек. Сол кезде ғана ауылдарда жұмыс жүретін секілді.

Көптеген ауылдарда әлі күнге орталық жылу жүйесі, су жүйесі жоқ. Суды әлі күнге тасып ішетіндер қаншама. Газ жоқтар бар. Отын жарып, көмір жағып келеді. Неге халыққа жақсы өмір сыйламаса? Жақсы өмір сүру үшін әкім жақсы болуы тиіс.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Арнайы call-орталық құрылды

Коронавирус инфекциясының өршуіне байланысты Алматы «қызыл аймақта» тұр. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты Құрбан айт мерекесі бойынша барлық іс-шара онлайн форматта өтеді.

«Қалада коронавирус инфекциясының күрт өршуіне байланысты адам көп жиналатын іс-шараларды, оның ішінде ұйымдарда, сондай-ақ жекеменшік үй мен медреселерде айт намазын өткізуге тыйым салынады», – деді Жандарбек Бекшин.

Ал Алматы қаласы Орталық мешітінің имамы Оспан Төлебидің айтуынша, күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қала мешіттерінде Құрбан айт намазы оқылмайды. «Айт намазының орнына үйде екі рәкат нәпіл намазын оқу ұсынылады», – деді имам.

Бас имамның айтуынша, құрбандық шалу рәсіміне өтінімдер 15-і мен 22 шілде аралығында сағат 14.00-ге дейін қабылданады.

«Биыл Алматы қаласында Құрбан айт мерекесі кезінде 1108 ұсақ және 50 ірі қара мал құрбандыққа шалынады деп жоспарлануда. Құрбандық еті 5545 мұқтаж



отбасы мен 14 мекемеге бөлінеді», – деді О.Төлеби.

COVID-19 эпидемиясы жағдайында Құрбан айт мерекесін ұйымдастыру мәселелерін халыққа түсіндіру мақсатында Орталық мешітімен бірлесіп Call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды. Құрбан айтқа қатысты барлық сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласуға болады: 8 (727) 329-09-66, 8 778 382 88 36 немесе WhatsApp нөмірі бойынша – 8 775 475 00 83.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ВАКЦИНА АЛУ –
МІНДЕТ

Осы жылдың 1 қыркүйегіне дейін мемлекеттік және медицина қызметкерлері, кәсіпкерлер, жүргізушілер, қоғамдық тамақтану орындарында жұмыс істейтін адамдар коронавирусқа қарсы вакцина алуы керек. Бұл туралы Қазақстанның Бас санитар-дәрігерінің қаулысында жазылған. Қаулыға сәйкес, қызмет көрсету объектілері (Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО), «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру компаниялары, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, айырбастау пункттері, ломбардтар, сұлулық салондары, шаш-тараздар, химиялық тазалау орындары, кір жуу орындары, фитнес, спорт кешендері, спорттық-сауықтыру орталықтары, СПА және массаж салондары моншалар, сауналар, бассейндер және тағы басқа объектілердің қызметкерлері 1 қыркүйекке дейін COVID-19-ға қарсы екпені толық алуы керек. «Жұмыскерлерге (тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар және соңғы 3 айда COVID-19-бен ауырып жазылған адамдарды қоспағанда) 2021 жылғы 10 тамызға дейін COVID-19-ға қарсы вакцинацияның бірінші компонентін, ал 1 қыркүйекке дейін вакцинацияның екінші компонентін алуды ұйымдастырсын», – деп жазылған қаулыда. Сондай-ақ, коронавирусқа қарсы екпе алмаған қазақстандықтар елге оралған кезде 3 тәулікке карантинге жатқызылады. «Қазақстанның кез келген азаматы және Қазақстанда тұруға ықтияраты бар адамдар (осы қосымшаның 2-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) Анықтама және Қазақстанда COVID-19-ға қарсы вакцинация алғаны

туралы құжат болмаған кезде ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін карантин стационарына 3 тәулікке дейін оқшаулауға жатады. COVID-19-ға зертханалық тексеру үшін материал алуды медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманы жүзеге асырады. COVID-19-ға зертханалық тексеру нәтижелерін алғаннан кейін теріс нәтижесі бар адамдардан тиісті қолхат алына отырып, COVID-19-дың ықтимал симптомдары туралы түсіндіру жүргізіледі», – делінген.

Ал ПТР анықтамасы оң нәтиже көрсеткен қазақстандықтар инфекциялық стационарға емдеуге жатқызылады. Коронавирустан қайтыс болған адам қалай жерленеді? Бас санитар-дәрігердің жаңа қаулысына сәйкес, ауруханада COVID-19-бен ауырған немесе соған ұқсас аурумен ауырған науқас қайтыс болған жағдайда (заң аясында) патологоанатомиялық зерттеу жүргізіледі. «Қалалық және облыстық қоғамдық денсаулық басқармалары COVID-19-дан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін патологоанатомиялық зерттеу жүргізетін патологоанатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдарды анықтайды.

Мәйітті ашу желдетілетін секциялық бөлмеде жүргізіледі, желдету жүйесі сағатына кем дегенде алты еселік ауа алмасуды қамтамасыз етуі тиіс. Ашуға жеке қорғаныш құралдары бар бір дәрігер (патологоанатом) және екі санитар қатысады», – делінген. Жерлеу рәсіміне қатысушылар жеке қорғаныш құралдарын (бетперде, қолғап) пайдалануы тиіс, әрі 2 метр арақашықтықты сақтауы керек.

Бетті әзірлеген
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ЖҰМЫСҚА
ЖІБЕРМЕЙДІ

Францияда келесі аптадан бастап санитарлық төлқұжатсыз 50 адамнан көп жиналатын мекемелерге кіруге болмайды. Яғни тек вакциналанған немесе ПТР-тесті бар адамдарға баруға рұқсат етіледі. Тамыз айынан бастап кафе мен мейрамханаларға, вокзал, пойыз бен ұшақтарға екпе салғаны туралы құжатсыз кіргізбейді. Медициналық мекемелер мен қарттар үйлерінің қызметкерлерінің түгелі екпе салдыруға тиіс.

Әйтпесе, қыркүйек айының ортасынан жұмысқа жібермейді. Шекаралардағы бақылау да күшейтіледі. Франция президенті Эммануэль Макрон: «Вакциналау бәріне бірдей міндеттелмейді. Алайда, көбірек

Олимпиада
ойындары қауіпсіз
өтеді

Токио Ковид-19 індетінің таралғанына қарамастан, Жазғы Олимпиада ойындарын қауіпсіз өткізе алады. Бұл туралы Жапония астанасының губернаторы Юрико Коикэ мәлімдеді. Оның айтуынша, медицина жүйесі толық дайын және вакциналау науқаны қарқынды жүріп жатыр. 14 шілде күнгі есеп бойынша, Токиода 1149 адам ковидпен ауырған. Мың науқастан асатын көрсеткіш соңғы 2 айда алғаш рет тіркелді.

23 шілдедегі Жазғы ойындардың ашылу салтанатына 10 мың адам қатысады деп жоспарланған, бірақ Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті қатысушылар санын қысқартуы мүмкін. 8 шілдеде әлемдік доданы көрерменсіз өткізу туралы шешім қабылданған. Сондай-ақ, марапаттау рәсімінде спортшылар медальдарды мойындарына өздері тағады. Құшақтасуға да тыйым салынады.

КҮНДЕЛІКТІ ӨСІМ ТҰРАҚТЫ



19 шілдеден бастап Англияда кейбір қоғамдық орындарда бетперде шешуге рұқсат етілді, әлеуметтік қашықтықты сақтау шаралары жойылады. Сондай-ақ, мейрамханалар мен түнгі клубтарға



адамға екпе салдыру үшін санитарлық төлқұжаттың ауқымын кеңейтеміз. Сондай-ақ, «дельтадан» да жұқпалы жаңа штамдардың шығуына жол бермес үшін шара қабылдауды жалғастырамыз», – деді.

Жасөспірімдер вакцина
алады

Күзде Ресей Федерациясында 12 мен 17 жас аралығындағы балаларды коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялау науқаны жоспарланған. Н.Ф.Гамалей атындағы Ұлттық эпидемиология және микробиология ғылыми орталығының (ФЗО) директоры Александр Гинцбург «Спутник V»-мен жасөспірімдерге вакцина егу жөніндегі зерттеулердің нәтижелері туралы айтты, деп хабарлайды РИА Новости сайты.

5 шілдеден бастап Мәскеудегі екі балалар ауруханасы – Башляевская және Морозовская – 12 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға арналған препаратқа зерттеу жүргізуде. 21 ерікті коронавирустық вакцинаның алғашқы дозасын алды. «Екі баланың 37 градусқа дене қызуы көтерілді. Бірақ бұл қалыпты жағдай», – деді Александр Гинцбург. Ол балалар медициналық мекемелерге коронавирустың ауыр түрімен жиі түсетіндігін атап өтті. Александр Гинцбургтің айтуынша, Ресейде жасөспірімдерге вакцинация 20 қыркүйектен кешіктірілмей басталады.



келушілер санына шектеулер алынып тасталады. Алайда, министр британдықтарға өздерін қорғау үшін вирусқа қарсы вакцинация сертификаттарын қолдануды ұсынды.

Сонымен бірге, Ұлыбритания үкіметінің мәліметі бойынша, елде коронавирустық инфекциялар саны артып келеді. Соңғы тәулікте 34,4 мыңнан астам жағдай тіркелді, алты адам қайтыс болды. Күнделікті өсім қазірдің өзінде тұрақты.

Пандемия кезінде Ұлыбританияда 5,1 миллионнан астам коронавирус инфекциясы тіркелді, 128 мыңнан астам науқас қайтыс болды, 4,36 миллион адам ауырып, сауығып кетті.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Бибіһүр ШЕРӘЛИЕВА,
әлеуметтік кәсіпкер:

– Мен корона-вируспен екі рет ауырдым. Ауырған сәтте тұла бойым әлсіреп, өзімді жайсыз сезіндім. Бұл індеттің адам баласына қаншалықты қиынға соғатынын бір адамдай білдім. Менің күнделікті жұмысым адамдармен араласу арқылы өтетіндіктен, қауіптің алдын алу үшін өзгелерге зияным тимесін деген ниетпен екпе алдым. Вакцина мемлекеттің халыққа көрсетіп жатқан үлкен көмегі деп санаймын. Оны ектіру тегін, әрі егу бекеттері қаланың барлық жерлерінде орналасқан. Менің ойымша, екпе алуды қоғамның белді де белсенді азаматтары ғана қолға алмауы қажет. Денсаулығы жарамды, екпеге қарсы әсері жок қала тұрғындары мен қонақтарының бәрі қабылдауы қажет. Сонда ғана ұжымдық иммунитетіміз қалыптасып, ауруды жеңіп шығатынымызға сенімдімін.

Таңшолпан ӘМІРХАНОВА,
студент:

– «Спутник V» вакцинасының бірінші компонентін алдым. Үш күн бойы дәрігерлердің бақылауында болдым. Ешқандай да кері әсер байқалмады. Қазіргі таңда жұмысымды бұрынғыдай істеп жүрмін. Бастапқы кездерде, екпеге қарсы көңілімде үрей туған болатын. Мен оны жеңдім. Осы күні көптеген адамдардың екпе алудан бас тартып, вирусты жұқтырып алудан қорықпайтындықтарына таңым бар. Тіпті, қоғамдық көліктердің ішінде бетперде такпай түшкіріп, жөтеліп отыра береді. Сондай кезде егде жастағы қарт ата-апаларымызға, иммунитеті әлсіз балаларға жаным ашиды. Біздің жауапсыздығымыздың кесірінен солар зардап шегетіндей көрінеді. Вирусты өмірімізден толыққанды жою үшін екпенің екі бірдей дозасын қабылдағанымыз абзал болмақ.



ӨНЕРТАПҚЫШ ӨРЕНДЕР

әлемді таңқалдыратын жаңалықтар ашып жүрген балалардың қатары артып келеді

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Қазіргі балаларды «смартфоннан бастарын алмайды», «әлеуметтік желілерден шықпайды» деп айыптап жатамыз. Көзін аша сала смартфонды сипайтын ХХІ ғасырдың балалары тек «тик-ток» тамашалап, түрлі видеолар түсірумен ғана айналысады деп ойласаңыз, қателесесіз. Өйткені, бүгінгі жас өрендердің арасында жастайынан білім мен ғылымға қызығатын, мектеп бітірмей жатып, әлемді таңқалдыратын жаңалықтар ашып жүрген балалардың қатары артып келеді. Бұл – қуанарлық жағдай.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Соңғы оншақты жылда елімізде ерекше жаңалықтарымен көзге түсіп жүрген балалардың ғылыми жаңалықтары мен жұмыстары әлемдік деңгейде жоғары бағаланып жүр. Дарынды балалардың қабілетін ашып, олардың білімін шыңдауда еліміздегі Н.Назарбаев атындағы зияткерлік мектеп мамандарының еңбегі зор. Олар оқушылардың білім мен ғылымға деген ынталарын арттырып, біліммен сусындатып келеді. Ғылымның теңіздей терең әлеміне бойлаған оқушылар көліктің түр-түрін, әуе кемелерін, роботтардың небір түрлерін құрастырады.

Өнертапқыш балалардың жұмыстарының ішінде еліміздің дамуына, экологияны жақсартуға, денсаулық саласын дамытуға арналған жобалары көпшіліктің көңілінен шығады.

Айталық, өткен жылы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы Санжар Асықбаев өзінің достарымен бірге қаладағы қоқыстарды жинайтын құлтемір құрастырған болатын. Жас өнертапқыштың бұл еңбегі халықаралық байқауда үздіктер қатарына енді. Жанармайды қолданбайтын, күн батареясы арқылы жұмыс істейтін құлтемір қала тазалығын сақтауда таптырмас жаңалық.

Санжардың айтуынша, болашақта адамдар істейтін жұмыстардың жартысынан көбін роботтар атқаратын болады.

Жас өнертапқыштар ашқан тағы бір ерекше жаңалықтардың бірі – балаларға арналған ерекше әліппе. Бұл әліппенің ерекшелігі 3D мобильді қосымшаға негізделген, яғни гаджеттер арқылы оқылады. Смартфонға орнатылған арнайы бағдарлама арқылы камераны кітапқа қаратып, кітаптан 3D анимациялық суреттерді көруге болады. Бұл әліппе құлағы нашар еститін балалардың латын әліпбиін үйренуіне мүмкіндік береді. Жобаның автор-



лары – Илияс Әзілханов пен Зарина Мырзатаева. Оқушылар бұл жобаны әлі де жетілдіре түсетіндерін айтады.

Қазіргі заманда адамдардың денсаулығына, қалыпты өмір сүруіне арналған инновациялық жобаларды ойлап табу үлкен жетістік ретінде бағаланады. Осы орайда, Ақтау қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің түлектері ойлап тапқан автоматтандырылған сүйену таяғын атап өтуге болмайды. Құрылғы – зағип жандарға, көздері нашар көретін адамдарға аса қажетті инновациялық құрал. Таяқ жолда кездесетін кез келген кедергіні оңай анықтайды, көзі көрмейтін адамды баратын жеріне жеткізе алады, егер адам бағытынан адасса, таяқ арқылы көмекке шақыруына болады. Себебі, таяқта touch батырмасы бар. Жаңа инновациялық құралды құрастырушылар – Ғаламадин Асқар, Сағымбек Талғатұлы және олардың жетекшісі Дамир Еркімалиев. Олар бұл инновациялық құрылғыны 7 айда жасаған. Бірнеше рет жасап, әр құрастырған сайын жетілдіріп, нәтижесінде өнертапқыштар осы жобаларына патент алды. Мұндай ғажап дүниені ойлап табудағы балалардың



негізгі мақсаты – әлеуметтік мәселелерге атсалысу, зағип адамдарға көмек қолын созу. Автоматтандырылған сүйену таяғы зағип адамдардың қиналмай жүруіне, олардың мәселесін жеңілдетуге үлкен көмек. Таяқтың 9 функциясы зағип адамдар үшін аса қажет. Мысалы, таяқ абайсыздар қолдан түсіп кеткен жағдайда зағип адам оны тез тауып алу үшін дыбыс шығарып белгі береді. Белгілі бір жерге жету үшін А нүктесінен В нүктесіне жету бағдарламасын қолдануға болады. Таяқта телефон нөмірлерін сақтап, телефон шалу мүмкіндігі бар. Зағип жанды баратын жеріне бағыттап отырады. Таяқ батарея арқылы жұмыс істейді. Ал таяқтың ұшындағы айналмалы дөңгелектер батареяға қуат береді. Жоба Қазақстанда алғаш рет жасалған. Сондықтан да жас өнертапқыштар осы жұмыстарына патент алды. Салмағы 2 келіге жетпейтін, жылдам жиналатын автоматтандырылған инновациялық таяқ мүмкіндігі шектеулі жандар үшін өте ыңғайлы.

Тағы бір ерекше жобаны талдықорғандық оқушылар ойлап тапты. Талдықорған қаласындағы Н.Назарбаев зияткерлік

мектебінің оқушылары Виктор мен Валерия «ақылды терминал» жасап шығарған. Терминалдың ерекшелігі, оған пластик бөтелкелер салған кезде, терминал көшедегі қамқорлықсыз қалған ит-мысықтарға тамақ береді. Ол үшін бөтелкені терминалдың дөңгелек терезесіне салу керек. Бөтелке терминалға түскеннен кейін терминалға орнатылған нейронды робот бөтелкенің неден жасалғанын анықтайды. Егер бөтелке пластик болса, онда терминалдың төменгі жағындағы арнайы қақпақшадан жануарларға арналған тамақ түседі. Бір бөтелке үшін бір порция тамақ. Аппараттың сумен толтыратын тетікшесі де бар. Егер терминалға салынған ыдыс пластик болмаса, терминал бірден оны арнайы қақпақшасынан шығарып тастайды. Валерияның айтуынша, о баста жоба экологияға зияны көп пластик бөтелкелерді қабылдау үшін жасалған. Кейіннен оқушылар көшедегі қаңғыбас иттердің көп екенін, олардың аш жүретінін ескеріп, терминалдың солар үшін де пайдалы етуге тырысқан. Оқушылар бірден екі мәселені шешуге еңбектеніпті. Терминалда жиналған бөтелкелер кейін арнайы өңдеуге жіберіледі. Жас өнертапқыштар «ақылды» терминалды 2 айда жасап шығарған. Болашақта мұндай терминалдар еліміздің әр өңіріне қойылады деп жоспарлануда. Бұл жоба экология мәселесін толық шеше алмаса да, мотивациялық рөл атқарады.

Үлкен ғылым осындай кішкентай жаңалықтардан бастау алады. Қазақстандық өнертапқыш балалардың жұмыстары мен идеялары әлі талайды таңқалдырады деп ойлаймыз. Тәуелсіз еліміздің өнертапқыш өрендерінің жаңалығы ел игілігіне жарай берсін!

Темірлан БЕЙСЕНБАЙ:

БИІКТІКТЕ ӨТЕ КЕРЕМЕТ

Қазақстандық пианист Темірлан Бейсенбай Миландағы Дева Соборының Рождество Сабарының алдындағы алаңда ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындап, көпшілікті тәнті етті.



– Менің идеямды жүзеге асыруда маған жүк тиеушілер тобы көмектеседі. Алдымен, мен орынды көріп, құралды қалай жеткізуді, қайда қоюды ойластырамын, – дейді өнерпаз.

Ол қызғылт Кобейтүз көлінде, Шарын шатқалында, тіпті Талғар

асуында 3200 метр биіктікте пианинода ойнады.

Пианиноның салмағы шамамен 300 келіні құрайды. Оны мұ-

қият тасымалдау керек. Мәселен, Шымбұлаққа шыққанда 3200 метр биіктікте құралдың орнын екі рет ауыстыруға тура келген.

Бұл тұста олар жұмыстан тыс уақытта қанатты жолды іске қосуды сұраған.

– Фортепиано гондоланың ішіне жақсы кірді. Биіктікте ойнау өте керемет. Әр локация үшін мен ерекше композицияны таңдауға тырысамын. Тауда Британдық Coldplay тобының Paradise туындысын орындадым. Қызғылт көлде түсірілген кезде ауа райы құбылып, ролик тұнжыраңқырап шықты, бірақ оның өзі өзінше әдемі болды. Бастапқыдағы ой құралды суға орнату болған. Айналасын қызғылт түс қоршаса дегенбіз. Бірақ жаңбыр жауып, біз жағалаудан алыстап кете алмадық. Онда мен Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әнін ойнадым.

Шарын шатқалынан алған әсерімді сөзбен жеткізу мүмкін

емес. Ол күрделі және әдемі локациялардың бірі болды. Біз фортепианоны шатқалдан төмен түсірдік. Өрине, оңай болған жоқ, бірақ мен Imagine Dragons композициясын ойнай бастағанда, эмоцияның керемет толқуын сезіндім. Бейнеті соған тұрарлық болды, – деді Темірлан.

Италияда ол елдің басты көрікті жерлері мен әдемі орындарында тағы бірнеше видео түсірді. Өнерпаз келешекте көпшілікті жаңа туындыларымен қуантуға уәде берді.

– Мен фортепианомен үйлесімді көрінетін және мен ойнайтын шығармаға сәйкес келетін қызықты жерлерді таңдаймын. Өзімнің жеке шығармаларымнан жасақталған композициям да бар. Мен мұны әрі қарай жалғастырып, қызықты бейнероликтер түсіріп, концерттермен әлі талай өнер көрсетемін, – деді музыкант.

Ол әрдайым өзімен ауыр салмақты фортепиано мен еліміздің Туын алып жүреді.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚЫ ТӨБЕТ ҚҰРЫП БАРАДЫ



Адамзат тарихында жабайы аңдардың ішінде ең әуелі қолға үйретілгені – ит екені белгілі. Сондай-ақ, ол адамның ең адал серігіне айнала білді. Сондықтан ата-бабаларымыз итті жеті қазынаның біріне жатқызған. Сал-серілер ит жүгіртіп, құс салып, оларды ерекше қастерлеген. Бүгінде осы ата дәстүріміз ұмытылып бара жатқандай... Кейінгі ұрпақ қазақы төбеттің бар екенінен де бейхабар. Біз бұған Алматыдағы ит базарына барғанымызда көз жеткіздік.



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Алматының «Сайран» авто-бекетіне карама-қарсы орналасқан «Сырдария» базары сенбі, жексенбі күндері нағыз ит базарына айналады. Бұл Алматыдағы ең үлкен ит базар болған соң ба, әйтеуір иттердің «жеті атасы» осында. Кавказ төбеті дейсіз бе, Орталық Азия төбеті ме, жоқ әлде ауған борзасы ма – бәрі-бәрі бар. Тіпті, алатын болсаңыз, кәнден, бультерьер, боксер, ротвейлер, бульдог сынды ит тұқымдарының неше түрін таңдай аласыз. Тым құрығанда, құжат бойынша әкесі чемпион, шешесі кандидат болған небір алып иттерді тамашалауға болады.

– Жігіттер, күшіктерді қызықтап тұрсындар ма? Бұлар анау тұрған «Ақ аюдың» күшіктері, – деді орта жасқа келген мұрынды жігіт көлік үстінде тұрған дәу ақ төбетті көрсетіп. – Бұл – түркіменнің алабай тұқымды иті. Нағыз алыптың өзі. Салмағы 100 келіден асады. Бойы – 72 см. Түркімендер өздерінің иттерін сыртқа шығармайды. Тек ұрлық жолмен ғана әкеледі. Мен мұны сату үшін емес, сатып жатқан күшіктерімнің әкесі екенін айғақтауға алып келдім. Әйтпесе, қазір кез келген клубтан «әкесі пәлендей, шешесі түгендей» деген жалған анықтама жаздырып алуға болады. Ондай құжатқа алданып қалмас үшін бәрін көзбен көріп, қолмен ұстаған дұрыс. Көріңдер, алатын болсаңдар, түсіріп беремін. Әр күшіктің бағасы 250–300 доллар.

Жалпы, базардағы ірілі-ұсақты күшіктердің тегіне байланысты бағасы 1000 теңгеден 500 долларға дейін барады. Түрлері де, тегі де әртүрлі. Азиялық төбеттің құлақ-құйрығы бірден шорт кесілсе, ал Кавказ төбетінің тек құлағы ғана кесіледі екен. Олардың да күшіктерінің бағасы 150–200 доллар төңірегінде.

Қазіргі кезде Қазақстанда ит тұқымдары жақсы дамып келеді. Ит төбелестіретін арнайы орындар да жетерлік. Ол – итқұмарлар үшін нағыз ақша табудың көзі. Олардың айтуынша, қандай күшті ит болса да бәрібір азиялық

төбетке шамасы жетпейтін көрінеді.

Бір өкініштісі, аталмыш базарды аралап жүріп, бір қазақы төбетті көрмек түгіл, ит сатушылардың арасынан «қазақы ит» деген сөзді ести алмадық. «Олар қазір құрып біткен!» дейді. Сондай-ақ, қазақы төбеттің орнын

ортаазиялық төбет, алабай, азиат деген ит тұқымдарының басып кеткенін де тілге тиек етті. Және оларды түркімен иттеріне телу үрдіске айналған көрінеді. Негізі, түркімендер ақалтеке арғымағымен қоса, алабай итімен де әлемге әйгілі. Сондықтан да түркімендер текті иттеріне көп көңіл бөледі. Ауыл шаруашылығы, сауда министрліктері оларды қамқорлыққа алған. Осыдан біраз жыл бұрын шекарадан алабай итін алып өтем деген елшіміз лауазымды қызметінен қош айтысты. Қысқасы, оларда асылтұқымды иттеріне мемлекеттен қолдау бар. Ал бізде ше? Біздің ауыл шаруашылығы министрінің «сен тимесең, мен тимен, бадырақ көздің» керін келтіріп отырғанын қалай түсіруге болады? Түркімен иті бұрыннан бақташылықпен аты шықса, қазақы төбет қасқыр алатындығымен ерекшеленген емес пе еді? Ежелгі әпсаналарды ашып қарайтын болсақ, біздің арландарымыз тек қана қасқыр емес, барыс, аюмен жекпе-жек шыққандары анық көрсетілген. Тайыншадай сыртқандарымызды бағалай білмегенімізді кімнен көреміз? Кезінде қойшының балалары үстіне ат қылып мініп алса да, мыңқ етпей, несіне адалдық танытатын қайран қазақы төбетіміз-ай! Бұл жерде құмай тазыны сөз етудің өзі артық... Иті жаман десе, ашуланатын қазақы намыс қайда кеткен?



ИТТЕРДІҢ БАҒАСЫ:

Ауған борзасы – 17 мың, ротвейлер, бульдог – 12 мың, бультерьер мен боксер – 15 мың, пит – 22 мың теңгенің үстінде, ал Кавказ төбеті – 500 доллар, Орта Азия төбеті – 200, 300 доллардан жоғары, алабай – 300, 400 доллар, кәндендер – 1000, 2000 теңге.

Нұрғали ҚҰДАБАЕВ, итқұмар:

– Қазіргі кезде иттерді таңдаудың өзіндік сыры көп. Бұрын ауылдағы үлкендер «мына иттің кеудесі жалпақ, шоқтығы биік екен» деп қазақы көзқараспен таңдап жататын. Бірақ қазір ит таңдауда ол аздық етеді. Асылтұқымды иттердің көбі қазір Орта Азия мен Түркіменстаннан, Кавказдан келеді. Оларды қазақша таңдай алмайсыз. Оның туу туралы куәлігі болады. Сол куәлікте асылтұқымды иттердің бүкіл ата-тегі жөнінде мәлімет жазылады. Ата-тегі кім, шешесі кімнің тұқымы, әкесінің қанының құрамы қандай, алған атақ-дәрежесі, ата-бабасының қандай жарыста қалай келгендігі, бәрі-бәрі жазылады. Осыған байланысты сатып аласыз.



Соңғы жылдары еліміздің ауылдарында түз тағылары көбейіп, төрт түлікті түре қырып, тіпті адамдардың өзіне ауыз сала бастағанын талай естідік. Осыған байланысты Ауыл шаруашылығы министрлігі қасқырларды аулауға арнайы ақша бөлген болатын. Алайда, атқа мініп, мылтық асыңғандар бөрілерге бөгет бола алмады. Осындайда ойлайсың, әр ауылда үш-төрт сырттан ит болса, қасқырлар ауыл сыртынан жүре алар ма еді? Ендеше, тиісті министрліктер ежелден мал мен жанды сақтап келген қазақы төбеттерімізді сақтауға және өсіп-өнуіне көңіл бөлсе, қанеки?! Сонда бірнеше мәселе сабақталып, өздігінен шешіле берер еді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Тырнақты чиптейді

Дубайда ерекше сұлулық салоны жұмыс істейді. Мұндағы мамандар қыз-келіншектердің тырнағын сәнді етіп отырып, арнайы чип салып береді. Оған тұтынушының қалауы бойынша қажетті ақпаратты енгізіп береді. Әрі ол арқылы телефондағы әлеуметтік желідегі парақшаларына бірден кіруге болады. Идея авторлары БАӘ-дегі әзірге

жалғыз жобаның болашағы зор деп есептейді.

– Бастамамызға қызығушылық та, сұраныс та өте жоғары. Келушілер өте көп. Әсіресе, қазіргідей коронавирус кезінде адамдар әлеуметтік қашықтық сақтап, қағазсыз, электронды, цифрлық қызмет алғысы келеді, – дейді сұлулық салонының негізін қалаушы Нұр Мәкәрім.

Ең терең хауыз

Дубайда әлемдегі ең терең хауыз салынды. Бұл жерге келушілер суда жүзумен қатар, түрлі ойын-сауық шараларына қатысып, көңіл көтере алады. Хауыздың тереңдігі 60 метрді құрайды. Ол

былтыр Польшада ашылып, дүние жүзінде ең терең деп саналып келген суда жүзу нысанына қарағанда 15 метрге төмендеу. Сөйтіп, ол Гиннестің рекордтар кітабына еніп те үлгерді.

Жануарларға арналған емхана



Австралияның Перт қаласында жабайы құстар мен аңдарға арналған травматологиялық емхана ашылды. Қазірдің өзінде мал дәрігерлері жарақат алып, өлім аузында жатқан ондаған жануарды

құтқарды. Бұл емхана адамдарға арналған ауруханадан еш кем емес. Ең жаңа құрал-жабдықпен, дезинфекция камерасымен қамтамасыз етілген. Жансақтау және оңалту бөлімдері бар.

Ерекше алаң

Батуми жағажайларында мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған алаң пайда болды. Бұл өмірі теңізге түсіп көрмеген мүгедек жандар үшін нағыз бақыт. Судың жағасын заманауи стандартқа сай жабдықтауға 8 мың доллар жұмсалған.

Онда арнайы дайындықтан өткен мамандар таңғы 10-нан кешкі 7-ге дейін қызмет көрсетеді.

Жағажайға келу үшін әлеуметтік желі арқылы алдын ала жазылуға болады. Бәрі тегін.

Мамандар мұндай инфрақұрылымның болуы елдегі туризмнің дамуына тың серпін береді. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандардың әлеуметтенуі үшін де үлкен мүмкіндік тудырады. Олар сау адамдармен бірге тең дәрежеде тыныға алады.

Аспаптар сатылады

Бенни Гудман, Эдди Ван Хален сияқты танымал рок пен джаз орындаушылардың музыкалық аспаптары Гюрнсис аукционда сатылымға қойылды. Олардың арасында гитара мен кларнет сияқты аспаптар бар.

Шара шілденің 14-інде басталып, екі аптаға созылмақ. Аукцион онлайн-режимінде өтеді. Жиналған қаражаттың барлығы ауыр дертке шалдыққан музыкант Джейсон Беккердің еміне жұмсалмақ.

Алматы көш бастап тұр

Әрбір қазақстандық ай сайын шамамен 97 мың теңгені азық-түлік алуға жұмсайды. Бұл өткен жылғы осы уақыттағы көрсеткішпен салыстырғанда, 4,6 пайызға көп. Халықтың азық-түлік пен алкогольсіз сусындарға жұмсай-

тын қаражаты артып, ал темекі және ішімдікке кететін шығыны керісінше азайған. Тамаққа қаржы жұмсаудан Алматы қаласы көш бастап тұр. Орта есеппен ай сайын әр алматылық 127 002 теңгені азық-түлік алуға бөледі.

Мақта қымбаттады

Елімізде тігілген киімдердің де, шетелдік тауарлардың да бағасы біртіндеп өседі. Елімізде мақта аз, ал әлемдік нарықта оның бағасы күрт өсті. Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығы киімнің қымбаттауын осылай деп түсіндірді.

Ал қазақстандық тігін кәсіпорындарына кем дегенде 15–20 мың тонна мақта керек. Жүктемені орындау үшін олар шикізатты сырттан сатып алуға мәжбүр. Әлемдік нарықта мақтаның бағасы орта есеппен 30 пайызға өскен.

Отандық өнім Қытай дүкендерінде

Қытай дүкендерінің электронды платформасында қазақстандық тауарлар сатылып жатыр. Онда отандық ұн, май, шоколад, құрғақ сүт, бал сияқты тауарларды жиі кез-

дестіруге болады. Жергілікті тұрғындар қазақстандық өнімдерді жақсы көріп, тұтынады екен. Ал Қытай нарығына кіру үшін өнеркәсіп алдымен лицензия алуы тиіс.

Таңбаланбаған аяқкиімдер

Үстіміздегі жылдың 1 қарашасынан бастап таңбаланбаған аяқкиімді өндіруге және ел аумағына әкелуге тыйым салынады. Ал бөлшек сауда бизнесінде таңбаланбаған тауарлардың қалдықтарын сату үшін 2022 жылдың 1 қарашасына дейін қосымша мерзім берілді. Бұдан бұрын міндетті цифрлық таңбалау 2021 жылдың шілдесінде енгізіледі деп

жоспарланған болатын. Алайда, көптеген импорттаушылар күз-қыс маусымына шетелдік өндірушілерден алдын ала жарты жылға ерте тауарларға тапсырыс береді екен. Сондықтан көктемде тапсырыс берілген таңбаланбаған аяқкиімнің ел шекарасынан 1 шілдеге дейін өтпей қалу қаупі бар.

**Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.**



ЖҰМЫССЫЗДАРҒА ЖАҚСЫ МҮМКІНДІК

пандемия салдарынан жұмысынан айырылған алматылықтарға кәсібін ауыстыру ұсынылады

Алматылықтар веб-дизайнер, тур-агент сияқты түрлі мамандықтар бойынша тегін кәсіби курстардан өте алады.

Тігінші, аспазшы, веб-дизайнер, тур-агент – осы мамандықтарда алматылықтар тегін білім алып, оқу барысында шәкіртақы ала алады. Дәл осы санаттағы азаматтарға Алматы Жұмыспен қамту орталығы жұмысқа орналасуда ғана емес, жаңа дағдыларды үйренуде де көмектесуге дайын. Қаланың жұмыссыз тұрғындары өз біліктіліктерін арттырып, жаңа мамандық ала алады немесе 41 мамандық бойынша курстарда қайта даярлаудан өте алады. Олардың ішінде тігінші, автослесарь, хатшы-референт, коммерциялық агент, жүргізуші, электргазбен дәнекерлеуші және тағы басқалар бар.

Жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз адам ретінде тіркелген әрбір алматылықтар курсқа қатыса алады. Егер олар он күн ішінде жұмысқа орналаспаса, қосымша кәсіби курстардан өте алады. Жұмыссыз азаматтар курстарға бір теңге төлемей тегін оқи алады және оқушыларға 20 949 теңге көлемінде стипендия беріледі. Курстардың ұзақтығы тандалған мамандыққа байланысты 1–3 айды құрайды. Бұл ретте қалада түрлі ұйымдардың



ақылы курстары бар, олардың құны 35 мың теңгеден басталады және одан жоғары. Ең бастысы, курс аяқтағаннан кейін оқушыға кәсіпқойлықты арттыру туралы сертификат беріледі. Бұл сертификат жұмысқа орналасу кезінде үлкен рөл атқарады. Курстарды аяқтағаннан кейін алған білім бойынша жұмыс іздей алады. Алайда, кейбірі жаңадан кәсіп бастағысы келеді. Осылайша өзін ғана емес, басқа да жұмыс іздеушілерді жұмыспен қамтамасыз ете алады.

Кәсіптік курстардан өткеннен кейін өз бизнесін ашуға шешім қабылдағандар Жұмыспен қамту орталығында бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттен грант алуға жолдама алады. Ал орталықтың серіктестері бизнес-жоспар құруға көмектеседі. 29 жасқа дейінгі жастарға, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға 200 АЕК (583 400 теңге) көлемінде өтеусіз гранттар беріледі.

Оқудан өту үшін жұмыссыз алматылықтар Достық даңғылы, 85 мекенжайы бойынша орналасқан Алматы қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығына немесе +7 (727) 310 21 31 телефонына хабарласуы керек.



Алматы қаласы Жұмыспен қамту орталығының директоры «РАХЫМ» оқу орталығында болды. Жаңа мамандықты үйрену – жаңа өмірге маңызды қадам жасау.

Жұмыспен қамту орталығы мегаполистің үздік оқу орталықтарымен ынтымақтасады және азаматтарды оқыту сапасы мен жұмысқа орналастыру Жұмыспен қамту



Наубайшылықты оқимын десеңіз...

орталығы басшылығының басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлова «РАХЫМ» жаңа оқу орталығында болды. Оның негізін қалаушы көпбалалы аналарға көмектесетін еріктілер штабының жетекшісі, «Рахым» әлеуметтік үйінің жетекшісі, «Жомарт жүрек» сыйлығының лауреаты Бибінұр Шералиева.

Бүгінде бұл оқу орталықта болашақ наубайшылар оқытылады. «РАХЫМ» орталығында шетелдік технологтардан жаңа білім алуға, сондай-ақ «Zieuf» мейрамханасында тәжірибеден өтіп, болашақ наубайшылар түрік нанын, тәттілерді, тандырда түрлі тағамдарды (гриль тауықтары және басқа да ет тағамдары) пісіруді үйренетін болады.

Өндірістік цехта оқытудың жаңа форматы енгізілді. «РАХЫМ» оқу орталығы өз өндірісіне, кондитерлік цехқа, тандыр кәсібіне кадрлар даярлау үшін оқушыларды жинайды. Дәрісті Түркия, Италия, Франция, Өзбекстанның үздік шетелдік технологтары жүргізеді.

«РАХЫМ» оқу орталығында көпбалалы және жалғыз-басты аналардың білім алуына өте ыңғайлы. Өйткені, анасы оқуда болғанда, бала күтуші оның балаларына қарай алады. Орталықта балалар бөлмесі жабдықталған. Ол жерде балалар сурет салып, басқа балалармен түрлі ойындар ойнап, уақытын тиімді өткізе алады.

Наубайшылардың мұндай курстары осы мамандықты шынымен игергісі келетіндерге және сол бойынша жұмыс істергісі келетіндерге таптырмас мүмкіндік.



«Almaty akshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Репсодия» ТК-ға:

• Сыпырушы керек.
Тел.: 8 777 261 40 75.
Қажымұқан көшесі, 37-үй.

«Алматы» шипажайына:

• Фельдшер-лаборант керек.
Тел.: 8 701 794 90 56.

«Victory S» ЖШС-ға:

• Фрезершілер;
• Бояушылар;
• Матрешкалар;
• Құюшылар;
• Тегістеушілер;
• Өртүрлі жұмысқа мамандар керек.
Тел.: 8 775 327 57 29, 8 707 404 20 44.
Красногорска көшесі, 69 В үй.

«DON DOSI SUSHI» компаниясына:

• Техникалық қызметшілер керек.
Тел.: 8 700 117 08 94.

«Проект кафе» ЖШС-ға:

• Кассирлер;
• Даяшылар;
• Аспаздар керек.
Тел.: 8 705 579 14 48.

«Интер мульти сервис» ЖШС-ға:

• Жүк тиеушілер;
• Қаптаушы;
• Қоймашы;
• Тазалаушы;
• Өртүрлі жұмысшылар;
• Есепші керек.
Тел.: 300 10 97, 8 777 621 66 66.

«ДальПродукт» ЖШС-ға:

• Автотиегіш жүргізуші керек.
Тел.: 251 61 73, 8 701 769 84 55.

«Фирма Мета» ЖШС-ға:

• жүргізуші-экспедитор;
• жүк тиеушілер;
• мерчендайзерлер;
• есепші-кассир;
• сауда өкілдері керек.
Тел.: 233-05-08, 8 747 172 92 17.

«Титан Азия» шеберханасына:

• дәнекерлеуші;
• слесарь;
• жұмысшы керек.
Тел.: 8 701 924 31 43.
Сейфуллин даңғылы, 455-үй.

Құрылыс компаниясына:

• материалдық үстел есепшісі;
Тел.: 8 775 718 23 32.
Нұрмақов көшесі, 79-үй.

Балабақшаға:

• тәрбиеші;
• тәрбиеші көмекшісі керек.
Тел.: 8 778 142 51 30.

Құрылыс компаниясына:

• слесарь;
• автоэлектрші;
• геодезист;
• прораб;
• бригадирлер;
• самосвал жүргізушілері;
• су таситын көлікке жүргізушілер;
• автобус жүргізушісі;
• Жол техникасына механизатор керек.
Тел.: 8 701 506 83 71.
Спасская көшесі, 86-үй.

Балабақшаға:

• Методист;
• Тәрбиешілер;
• Бала күтушілер;

• Мейірбике керек.
Тел.: 8 778 142 51 30, 8 747 379 34 85.
«Жұлдыз» ықшамауданы, Дөнентаев көшесі, 8/1-үй.

«Первомайские деликатесы» компаниясына:

• Менеджер керек.
Тел.: 8 777 970 70 29.

«АлмаСтор» ЖШС-ға:

• Сауда алаңына әкімші;
• Сауда жөніндегі менеджер;
• Аға кассир;
• Кассирлер;
• Сауда залына сатушы;
• Асүй қызметкері;
• Күзетшілер;
• Сыпырушы;
• Техниктер керек керек.
Тел.: 8 701 769 98 83, 8 701 759 28 93.
Сәтбаев даңғылы, 90/5-үй.

«Искер Т» ЖШС-ға:

• Автокран жүргізушісі керек.
Тел.: 8 775 718 23 32.

«Дозор Беркут» ЖШС-ға:

• Күзетшілер керек.
Тел.: 8 777 122 02 22.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛҒАЙ!

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Аса көрнекті халық ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай оның өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау әрі дәріптеу мақсатында Мемлекеттік Орталық музейінде «Ұстаз ұлағаты» атты арнайы көрме ұйымдастырылды.



ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ



Аталмыш көрменің негізгі жәдігері ретінде ағартушының Уақбаев Серік Жамантайұлы есімді туысқаны тарапынан музей қорына 1989 жылы өткізілген жеке қалта сағатын («Павел Буре» зауыты) ерекше атауға болады. Жары Айғаныс, ұлдары Абдолла мен Әбдірахман, қызы Шәрипа және немересі Нағима Абдолқызының, ұстаздық қызметтің әр

жылдары туған өңірінде салдырған оқу орындарының (мектептер, интернаттар, училищелер) түпнұсқа фотосуреттері (1959 жылы ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің Қостанай облысы, Амангелді ауданына жасаған экспедициясы кезінде жинақталған) және көшірме суреттерде де осы экспозиция төрінен орын алған.

Ағартушының Орынбор қаласында өзі

негізін қалаған мектепке қабылданған қазақ балаларының алуан түрлі мәселелерін қозғап, 1864 жылы Н.И.Ильминскийге, 1880 жылы Сыртқы Істер министрлігінің Орынбор генерал-губернаторына жазған хаттары, газетке бастыруға дайындаған 4 беттік қолжазбасы, Торғай өңірінде 1884 жылы болыстық мектептер салу жөніндегі мәліметтер және жат жұрт балалары үшін бастауыш мектептер ашу туралы ережелердің көшірмелері (1986 ж. ҚазССР Ғылым академиясы кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар мен басылымдар бөлімінен алынған) көрменің деректік арқауын арттыра түспек.

Ы.Алтынсариннің Қостанайдағы екі сыныптық училищенің оқушыларымен бірге түскен, Обаған болыстық және өзі ашқан мектептердің шәкірттерінің, ағартушының хаттарын зерттеген Бекежан Сүлейменовтің, ізбасарлары Әбдіғали мен Ахмет Балғымбаевтар, Нәзипа Құлжанованың фотосуреттерін де осы экспозициядан тамашалауға болады. XIX ғасырдың аяғында Қазақ даласының Батыс аймағында және Жетісу өңірінде мектептер салдырып, қазақ балаларының мұсылманша және орыс-қазақ тілдерінде білім алуына жол ашқан алғашқы шүлеңгерлер (меценаттар) Жәңгір хан мен Есенқұл Маманов және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов кескіндеріне, туысқаны Халық жазушысы, көрнекті акын Мәриям Хакімжанованың жеке кешеніне арнайы витриналар арналып отыр.

Сондай-ақ, өз заманының асқан қайраткері болған педагогтің өмірі мен шығармашылығына қатысты музей кітапханасынан алынған басылымдар, әулеттік шежіре, ұстаз ашқан оқу орындарының картасы, шәкірт киімінің атрибуттары, араб әліпбиі жазылған жылқы жауырыны, сиясауыт пен қауырсын, Қостанай өңірінің Ақсуат ауылындағы С.Көбеев атындағы мектептің қонырауы (музейге 1976 ж. түскен) және т.б. иллюстрациялық материалдар көрменің композициялық мән-маңызын толықтыра түсетіні айқын. Саналы ғұмырын қазақ балаларын білім нәрімен сусындату жолына арнаған ағартушының өмірі мен мұрасы кейінгі ұрпақ үшін өр әділеттілік пен зор адамгершілікті және асқақ рух пен кемел парасаттылықты үздіксіз дәріптеудің әрқашанда жарқын үлгісі бола бермек. Ұсынылып отырған аталмыш көрме 4-залдың оң жақ бұрышындағы алаңда орналасқан.

Санжар АСАНҒҰЛ,
ҚазИТУ-дің студенті.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТӘУЕКЕЛІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы орталықтан-дырылған кітапхана жүйесінің 14-кітапхана бөлімшесінде ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің 55 жылдығына, сондай-ақ Желтоқсан

көтерілісінің 35 жылдығына байланысты желтоқсаншы Ерлан Декелбаевпен «Қайрат деген атым бар» атты кездесу өтті.

Ерлан Декелбаев – желтоқсаншы, «Желтоқсан» Республикалық халықтық-отаншылдық қозғалысы ұйымының 1989 жылдан бері мүшесі, Үкімет жанынан құрылған «Желтоқсан көтерілісін зерттеу және оған түпкілікті баға беру»

комиссиясының жұмысшы топ мүшесі, Желтоқсан көтерілісі жайлы түсірілген «Аллажар» фильмінің қоюшы-режиссері Қалдыбай Әбеновтің көмекшісі, шәкірті, «Барыс» шығармашылық киностудиясының жетекшісі, «Аллажар-2» фильмінің қоюшы-режиссері. «Желтоқсан көтерілісі болған жылы алаңға 17-сі күні бардым. Басқа тағдырластарым секілді ол күні басым жарылған жоқ, соққының астына қалған жоқ. Бірақ 19-ы күні басталған тергеу кезінде тергеушілер аяқ-қолымды байлап, адам төзгісіз қатыгез әрекеттер жасап, жасамаған қылмысымды мойныма алуыма мәжбүрледі. Сөйтсе, сол кезде көтеріліске қатысқан 2 мыңға жуық адамды соттау керек деген қаулы шыққан. «Алаңда болдыңдар ма, демек сендер Совет үкіметіне қарсы шықтыңдар. Сен алаңда тұрған мүсінді жардым деп айтасын» деп тергеуші мүлдем қатысым жоқ істі мойныма алуымды айтты. Жағдай қалай болса да бәрібір сотталып кетудің алдында тұрғандықтан, тығырыққа тірелдім. Мені қыспаққа алғаны соншалық, қылмысты мойныма алуыма тура келіп, алты жылға сотталдым. Соттың үкімі шыққан кездегі алты жылға сотталып жатқан баласы үшін шешемнің еңкілдеп жылап, жаулығымен жасын сүрткен сәті әлі күнге дейін көз алдымнан кетпек емес. 35 жылдан бері сол оқиға туралы қаншама рет айтып та, жазып та жүрміз. Тәуелсіздік үшін тәуекелге барған сол кезді еске түсіру біз үшін оңай емес», – деді желтоқсаншы Ерлан Декелбаев.



ӨТІҢ, ДҮНИЕ!

Әбсаттар ДЕРБІСӘЛІ



Белгілі ғалым, ұстаз, дінтанушы Әбсаттар қажы Дербісәлі мәңгілік мекеніне аттанды. Қазақстанның бұрынғы бас мүфтиі, шығыстану саласының белді ғалымы Әбсаттар қажы Дербісәлі 75 жасына қараған шағында сырқаттан көз жұмды.

Көрнекті тұлға азды-көпті ғұмырында ислам діні мен мәдениетінің дамуына ерекше үлес қосты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әбсаттар Дербісәлінің Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының басшысы қызметін атқарған кезде мүфтият жұмысын жаңа деңгейге көтеруге, елімізде дінаралық татулық пен ұлтаралық келісімнің нығайтуына зор үлес қосқаны жайлы айтқан болатын. Парасатты азаматтың ғибратты ғұмыры, жарқын бейнесі жұртшылық жадында әрдайым сақталады.

Әбсаттар қажы Дербісәлі 1947 жылы 15 қыркүйекте Түркістан облысы, Түлкібас ауданында дүниеге келген. Бала кезінен оқу-білімге құштар болып өскен жас өрен 1969 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Филология факультетін үздік бітірген. Ол 1970–1975 жылдары КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының аспирантурасында оқыды. 1975–1976 ж.ж. Марокко корольдігі, 1985–1986 жылдары Тунис Араб республикасы университеттерінде араб тілі мен әдебиеті бойынша біліктілігін арттырды.

Асыл дінімізді халыққа насихаттап, халықты имандылыққа шақырып, қазақ руханиятына қызмет еткен ұлағатты ұстаздың еңбек жолы кейінгі ұрпаққа өнеге.

Әбсаттар қажы Дербісәлі – ҚР халыққа білім беру министрлігі жанындағы шығыстанушылардың оқу-әдістемелік кеңесінің төрағасы, КСРО Шығыстанушылар Ассоциациясы Қазақ бөлімінің бюро мүшесі, КСРО Ғылым академиясы Шығыс әдебиетін үйлестіру кеңесінің, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің, ҚР Жазушылар және Журналистер одағының, Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің, ҚР Президенті жанындағы адам құқығын қорғау жөніндегі комиссия мүшесі.

Ә.Дербісәлі республикалық арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі. Арабистика саласы бойынша еліміздің тұңғыш ғылыми докторы, тұңғыш профессоры, тұңғыш академигі болды.

Әбсаттар қажы Дербісәлі Қазақстанда араб тілі мен әдебиеті ғылымын қалыптастырғаны және Ислам тарихы мен мәдениеті, дініне байланысты көптеген сүбелі еңбектері үшін 2002 жылы Египет Араб республикасының I дәрежелі «Ғылым және өнер» орденімен, Қазақстан ғылымы мен білімі, әдебиеті мен мәдениетіне қосқан қомақты үлесі үшін 2004 жылы «Парасат» орденімен және 2001 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», 2008 жылы «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальдарымен және 2007 жылы ҚР Білім және Ғылым министрінің «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» белгісімен марапатталған.

Ел үшін қызмет еткен зиялы тұлға Әбсаттар қажының қазасына орай марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, барша қазақ халқына қайғырып, көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын! «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, парасат-пайымы биік, білімі терең азаматтың жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

«ALATAŪ AQPARAT» ЖШС
ұжымы.



2021 жылдың 6 айындағы мемлекеттік бақылау қорытындысы

2021 жылғы 6 айдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментімен (бұдан әрі – Департамент) барлығы – 44 тексеру жүргізілді, оның ішінде 15 – субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау, 13 – арыздар мен өтініштер бойынша жоспардан тыс тексеру, 3 – прокуратура талаптары бойынша, 13 – субъектіге (объектіге) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау қорытындылары бойынша берілген нұсқамаларды орындау бойынша.

28 тексеруде Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу, аккредиттеу және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы заңнамасын бұзу фактілері анықталды, бұл тексерулердің жалпы санының 64% құрайды. Бұдан басқа, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау мәніне Алматы қаласы және қала аудандарының прокуратурасымен 3 бірлескен тексеру жүргізілді:

Нәтижесінде барлық 3 жағдайда «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңының 19-бабын бұзу анықталды.

Алматы қаласы және қала аудандары прокуратурасының заңдылықтың бұзылуын жою туралы ұсынымдарға сәйкес «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 419-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес аталған мекемелердің лауазымды тұлғаларына қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар жасалды. Аталған лауазымды тұлғалар қысқартылған түрде айыппұл сомасының 50%-ын төледі.

Тексеру нәтижелері бойынша 6 ай ішінде 132 – сәйкестік сертификаты, 40 – сәйкестік туралы декларация, 5 – менеджмент жүйесі сертификаттары, 51 – тексеру туралы сертификаттар қайтарылып алынды және қолданысы тоқтатылды, барлығы – 511 өлшем құралдары, оның ішінде қолдануға жарамсыз – 344 бірлік, сондай-ақ, 787 590 теңге сомасына әкімшілік айыппұл салумен сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы – аудиторлардың 3 аттестаты 6 ай мерзімге тоқтатылды. 525 060 теңге сомасына әкімшілік айыппұл салумен 6 ай мерзімге салыстырып тексеруші – өлшем құралдарының 2 аттестаты тоқтатылды. Бұдан басқа, Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты Департаменттің қозғалған материалы негізінде «СТ-KZ Эксперт» ЖШС сараптама ұйымының тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сарапшы-аудиторға тауардың шығу тегі туралы сертификатты алу үшін сараптама актілерін беру тәртібін бұзғаны үшін 6 ай мерзімге сарапшы-аудитор аттестатын тоқтата отырып, 29170 теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салды.

Алматы қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментімен бірлесіп істеген жұмыс бойынша:

Ағымдағы жылдың 6 айында Департаментке Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі №287, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 16 мамырдағы №266 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 мамырдағы №500 бірлескен бұйрығын сақтамау бойынша 10 кәсіпорынға қатысты материалдар келіп түсті. «Техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестікті растау, Техникалық реттеу бөлігінде шартты түрде шығарылған тауарларға қатысты тыйым салулар мен шектеулерді сақтау қағидаларын бекіту туралы».

Аталған материалдарды қарау нәтижелері бойынша тауарларды нарыққа сәйкестік сертификаттарынсыз шығаруға байланысты, осылайша «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабының 2-бөлігін бұзып және «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) 415-бабы 1-бөлігінің 2-тармағына сәйкес 50% жеңілдікпен әрқайсысына 284 407 теңге 50 тиын, жалпы сомасы 3 602 495 теңге айыппұл салынды.

Бүгінгі таңда салынған айыппұлдар мемлекеттік қазынаға түсті. 6 айдағы мемлекеттік бақылау қорытындысы бойынша Департамент жалпы сомасы 2 917 000 теңгеге әкімшілік айыппұл салу туралы 10 қаулы шығарды.

2021 жылдың 6 айында әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы – 7 132 065 теңгені құрады.

Катина ЖҰМАНОВА,

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің бөлім басшысы.

2021 жылғы 15 шілдедегі №3/351-642

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 16 маусымдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автобус паркін салу үшін Алматы қаласының Алатау ауданындағы индустриалдық аймақтың батысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының тентеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «15» шілдедегі №3/351-642 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Малаян Олег	Алатау ауданы, ЖЭО-2 солтүстігі	20-321-066-143	39,72
2	«Керулен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Алатау ауданы, ЖЭО-2 солтүстігі	03-047-141-106	жалпы - 48,06 иеліктен шығарылатын ауданы - 10,28

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.

ӨТТІҢ, ДҮНИЕ!

Мәңгі есіміздесіз, Есет Ысқақұлы...



Уақыт қайтып оралмайтыны секілді, өмірден өткен жандардың артында олар туралы естеліктер ғана қалады.

Құрметті досымыз әрі әріптесіміз Есет Ысқақұлы кеше ғана арамсызда болған сияқты еді. Бірақ өкінішке қарай, ол енді жұмысқа өзіне ғана жарасатын әдемі күлкісімен кіріп келмейді, цехтардың жағдайын баяндамайды. Дәл бір жыл бұрын Есет Ысқақұлы қатты науқастанып, 5-6 күннен кейін өмірден озды. Қатал шындық оны аяған жоқ.

Ол Мәскеу полиграфия институтын бітірген. Инженер-механик мамандығы бойынша бүкіл өмірін өзінің сүйікті ісіне арнады. Қарапайым темір ұстасынан инженерге дейін өсті. Содан кейін ҚазКСР мемкомитетінің полиграфиялық өнеркәсіп басқармасының басшысы, сондай-ақ ҚазКСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің аппаратында ғылыми-техникалық даму басқармасының басшысы болып қызмет етті.

Жауапты басшылар Есет Ысқақұлындай еңбекқор маманды байқап, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өндірістік кәсіпорындар дирекциясының Бас директоры етіп тағайындады. Соңғы 19 жыл бойы «Дәуір» республикалық полиграфиялық баспа кешенінде атқарушы директор болып жұмыс істеді.

Бірге жұмыс істеген әріптестері оны жақсы ұйымдастырушы, мейірімді әрі қызметінде ең жақсы маман, өзіне және өзгелерге де талап қоятын адам ретінде еске алады. Жақсы адамның мезгілсіз өлімі әріптестерінің де жүрегін қарс айырды. Бірақ ол туралы естелік біздің жүрегімізде мәңгіге сақталады.

Жаныңыз жәннатта болсын, біздің қымбатты Есет Ысқақұлы!

«Дәуір» РПБК ұжымы.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі белгілі ғалым, қоғам қайраткері, қаланың ардагерлер қозғалысының белсенді қатысушысы **Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІНІҢ** қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«MedRemZavod Holding» компаниясының ұжымы Алматы экономикалық колледжінің директоры, техника ғылымының докторы, академик, профессор Қасымбек Жақсыбай Нұрлыбайұлына бауыры **Манат ҚАСЫМБЕКТІҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сәт күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



НЕ СЕБЕПТІ ВАКЦИНА САЛДЫРУ ҚАЖЕТ?



KAZINFORM CORONA VIRUS 2020 KZ

© «Kazinform» қалыңдарлық сақтат агенттігі, 2021 жыл

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?

Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы еске салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейту және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

kazinform CORONA VIRUS 2020 KZ

© «Kazinform» қалыңдарлық сақтат агенттігі, 2021 жыл



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«Көз тартар шынайы әлем»



Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Елена Бейсембинованың мерейтойлық датасына арналған көрме өтеді.

Елена Бейсембинова – әйгілі қазақстандық график, кескіндемеші, 1960 жылдардағы суретшілер буынына жатады. Ол өзінің шығармашылық жолын гобелен, мультипликация, кітап иллюстрациясы, түпнұсқа және баспа графикасының суретшісі ретінде бастады. 1985 жылы кескіндемеге бет бұрып, жүзден астам керемет туындылар жазды. Оның ұраны – табиғатқа деген адалдық. Оның өмірі өнермен және әлемнің сұлулығына тәжім етумен қаныққан. Бейсембинованың туындыларына таңданбау мүмкін емес. Бүкіл табиғат және оның әр бөлігі мәңгілікті де, өткіншіні де ұстап алуға және жазып алуға ықылас тудырады.

Көрмеге музей қорынан және автордың жинағынан алынған 90-нан астам туынды қойылған. Көрме бір ай көлемінде өтеді.

Ашық аспан астында



Hide Park Almaty алматылықтарды тегін кино көруге шақырады. 18 шілде күні кешкі сағат 21.00-де ашық аспан астында «ВАЛЛИ-И» мультфильмі көрсетілетін болады.

Робот ВАЛЛИ біздің планетамыздан ғарышқа ұшып кеткен адамдар жерде қалдырған қоқыс тауларынан тазартады. Ол жақын арада керемет оқиғаларға тап болам деп мүлдем ойламайды. Соның арқасында ол жаңа достарды кездестіріп, жұлдыздар әлеміне көтеріледі. Тіпті, туған жерін ұмытып кеткен бұрынғы иелерін жақсы жаққа өзгертеді. Сонымен қатар, Тимирязев, 42 мекен-жайынан 23.00-де «Дом» мультфильмін де тегін тамашалауға мүмкіндік бар.

Ауыл иті Ақбай

Алматы қаласының мемлекеттік қуыршақ театрында Е.Қабдылдин режиссерлігімен ұзақтығы 45 минутқа созылатын ертегісі балаларға арналады.

Бала кезінде кім мейірімді, адал және батыл досы болғанын армандамайды? Ақбай болса, дәл осындай дос!



Ол – ауыл ауласының басшысы және Тамлетамақ есімді қуыршақпен көрші. Бір күні ауыл өмірін тастап, Ақбай мен Тамлетамақ қалаға аттанып, күтпеген жерден түрлі оқиғаларға тап болады. Тамлетамақ қаланы аралап, өзі серуендейді. Ал осы уақытта Ақбай жаңа достар тауып, зұлым қала иттерін басып, тоқтатуға көмектеседі.

Ертегіні 23 шілде күні, сағат 12.00-де тамашалауға болады. Кіру құны: 1000 тг.

Кешкі жүгіріс



Кешкі жарыс Алматыда 18 шілдеде өтеді. Салқын әрі кешкі қалада жүгіруге ересек әуесқойлар да, 6 жасқа дейінгі балалар да қатыса алады.

Достық жарыстар Алматы Arena спорт кешенінің аумағында өтеді. Іс-шарада 12 шақырым жүгіріс және 8 шақырым скандинавиялық жүріс сияқты түрлері қарастырылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қашықтықты жүгіріп өткен спортшылар медальмен марапатталады. Әр жас санатында 12 шақырым қашықтықта ерлер мен әйелдер арасындағы көшбасшылар үштігі, сондай-ақ 500 метр қашықтықта ұлдар мен қыздар арасындағы көшбасшылар үштігі грамоталармен және сыйлықтармен марапатталады.

Жарыс 18 шілде, 17.00-де Almaty Arena спорт кешенінде өтеді.

Кеңістікті сезін



Сенбі күні Алматыда AirVision экофестивалі өтеді.

Оның барысында сарапшылар, қоғам белсенділері мен экологтар ауаның ластану мәселесін талқылап, алматылықтардың ең толғандыратын сұрақтарына жауап береді.

Сондай-ақ, фестивальде қонақтарды поп-дүкеннің пайдалы заттары күтеді. Фестивальдің ең белсенді қатысушыларына сыйлықтар табысталады болады. Қатысу тегін, бірақ алдын ала тіркелу қажет.

Экофестиваль 17 шілде күні 17.00-де «Алмалы» сауда орталығының алдындағы «Астана» алаңында болады.

Әзірлеген Айым НҮРМАН.

ІНДЕТПЕН КҮРЕС

Екпе салдырып, жолдама ұтты



Рая
ЕСКЕНДІР

Жетісу ауданында вакцина салдырғандар арасындағы «Вакцина ал – жүлде ал» жобасы әлі де жалғасып жатыр.

Дәл қазір дүние жүзі COVID-19 корона-вирустық инфекциясымен күресіп, індетті ауыздықтап, оның алдын алу үшін де барлық мүмкіндікті қолданып жатыр. Сөз жоқ, мұның барлығы адамзаттың жарқын болашағы мен қалыпты өмірге қайта оралу үшін жасалып жатқан қадамдар. Қазіргі таңда бұл індеттің құрығына ілініп, көз жұмып жатқан адамдар саны артып, әлі де толастар емес. Дүние жүзін жаулаған аса қатерлі дерт қаншама адамның өмірін жұтты. Сондықтан бейбіт өмірдің соғысына айналған бұл дерттің азабын тартып, оның құрбанына айналмаудың бір-ақ жолы вакцина алу екенін қазір барлығымыз түсіне бастағандаймыз. Десек те, біздің арамызда әлі де алыпқашпа сөзге ілесіп, өз өмірлеріне жауапсыз қарайтындар кездеседі. Дегенмен, вакцина алумен ғана өзімізді, өзгелерді, тіпті айналамызды құтқарып қалуға болатынын уақыттың өзі дәлелдейтін болады.

Орны толмас жағдайларды болдырмау үшін Жетісу ауданы әкімшілігі осымен төртінші мәрте вакцина салдырғандар арасында ұтыс ойынын ұйымдастырып, тұрғындарды белсенділікке шақырды. Алғашқы ұтысқа үйге қажетті техникалық құралдар ойнатылса, қаншама адам екіге алып, ұялы телефонға ие болды.

– Аудан көлемінде вакцина салдырғандар арасындағы өткен ұтыс ойыны тұрғындардың денсаулығы үшін жасалып отыр. Бұл қадамымыз нәтижесіз емес. Сондықтан қоғам үшін, еліміздің ертеңі үшін алаңдап, қиын кезде қолдау көрсетіп жатқан азаматтарымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Өзі бастама көтеріп, осы жолғы ұтысқа демеушілік танытқан Айнуір Жұмаш есімді кәсіпкеріміз ауданымыздағы басқа да іс-шараларға үнемі қолдау көрсетіп отырады. Сонымен, осы жолғы ұтысқа тігілген Дубайға жолдаманың да барлық шығынын Айнуір Аралбайқызы өз мойнына алып, демеушілік етті, – деді аудан әкімінің орынбасары Дәулет Шәйсұлтан.

Ұтысқа қатысушылар арасында екпенің бірінші компоненті мен екінші компонентін салдырғандар болды. Тікелей эфир арқылы ойнатылған ұтыс ойынының жеңімпаздары да белгілі болып, өз иелерін тапты. Сонымен, Дубайға жолдаманы осы аудандағы №22 емханада тіркелген, №743 анықтама иесі Мұхамед Асфенді азамат иеленді.

«Алматы-Тұлпар» кешені ұсынған бір реттік абонементтер Әнуар Елубаев, Александр Цой, Рашида Сайтова есімді тұрғындарға бұйырды.

